Екіншіден, ҚПК тұрғысынан мұндай болып табылмайтын адамдарды «күдікті» деп атай отырып, заң шығарушы қылмыстық іс жүргізу қатынастарына тартылған адамдарды біздің қарастырып отырған қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушысының мәртебесін беру мүмкіндіктерін кеңейтуге тырысады. Бұл ретте күдікті анықтамасының өзінде сәйкес белгілер жоқ болып келеді, бұл анықтаудың өлшемдік ережесі бұзылған кезде туындайтын «тым таранықтама» екендігінің болуын білдіреді.

Үшіншіден, күдіктінің қазіргі ұғымына сәйкес, адам оған қатысты белгілі бір шаралар (күдікті ретінде тану туралы қаулы, ұстап алу, өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы, күдіктің болуына байланысты жауап алу) жүзеге асырылғанда күдікті ретінде танылады және олар өз кезегінде адамға қылмыс жасады деген «күдік келтірілуіне» байланысты қолданылады. Құқықшығармашылық теориясында тек қана «заңда пайдаланылатын терминдердің дұрыс анықтамасы, заң мәтінінің өзін түсінікті етеді, оның әрекет ету саласын айқындауға, құқықтық институттардың табиғатын анықтауға көмектеседі және сол арқылы оның тиімділігін қамтамасыз етеді» деген сенімді қорытынды жасалғаны кездейсоқ емес. Құқық қолдану тәжірибесі де мұндай даусыз ғылыми ережені толығымен растайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қылмыстық процесте күдікті ұғымын, сондай-ақ оны тұжырымдаудың дәстүрлі тәсілін жетілдіру қажеттілігі айқын болады.

Ұғымның өзінде, біздің ойымызша, нысанның жай ғана маңызды қасиеттерінің көрініс табуы жеткіліксіз болады, олар қарастырылатын нысандарды басқа нысандар мен құбылыстардан жалпылауға және оқшаулауға мүмкіндік беретін байланыстар мен қарым-қатынастар жиынтығында көрсетілуі тиіс. Қылмыстық процестегі күдіктінің ұғымына қатысты, бұл күдіктінің институты туралы барлық қолда бар білімдерді ескере отырып, оның мазмұнын тұжырымдау қажеттілігін; күдіктінің оған қатысуына мүмкіндік беретін немесе болжайтын түрлі іс жүргізу қатынастарындағы оның жекелеген нормаларының әрекет ету ерекшеліктері туралы; соңғысын қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа қатысушыларынан ерекшеліктін қасиеттері туралы, сондай-ақ «күдікті» сөзінің этимологиялық негіздерін қалыптастырудың қажеттілігін білдіреді.

Қылмыстық процесте қолданылатын «күдікті» термині- аттас ырықсыз есімдіктен сөздің бір бөлігінің екінші бөлігіне өтуінің нәтижесінде (әрекет бойынша заттың белгісін білдіреді) пайда болған зат есім (затты, яғни қылмыстық сот ісін жүргізудің қорғаушы тарапының қатысушысының бірін білдіреді) болып табылады, ол өз кезегінде «күдіктену» етістігінен құрылған [3, 41 б.].

Іс жүргізу ғылымында күдік деген не екендігі туралы белгілі бір көзқарастар бар. Мәселен Н.А. Козловский «қылмыстық іс жүргізу мағынасында күдік дегеніміз-қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының тұжырымы түрінде көрініс тапқан және адамның әрекетінің болжамды қылмыстық сипаты туралы арнайы процессуалдық актімен ресімделген және оны күдікті ретінде қылмыстық іс жүргізу қызметі аясына тартудың қажеттілігінен көрінетін адамның жасалған қылмысқа қатыстылығының ерекшенісаны»- деп санайды [4, 51 б.]. И.А. Пантелеевтың пікірінше, күдік болып «... оған айып тағу үшін дәлелдемелер жеткіліксіз болған жағдайда, адамның, тергеліп отырған қылмысқа қатыстылығы туралы қылмыстық қудалау органының арнайы процессуалдық шешімінде көрсетілген тұжырымы»танылады.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларда авторлар «қылмыстық- процессуалдық мағынада» күдіктің маңызды белгілерін атап көрсеткенімен, олар бір-бірімен біртұтас бір жүйеге жеткілікті дәрежеде біріктірілмеген сияқты. Мәселен, Н.А. Козловскийдың анықтамасында «қылмыстық іс жүргізу қызметінің аясына тарту қажеттілігі» сияқты маңызды белгіге назар аударылады. И.А. Пантелеевтың анықтамасында күдіктіні айыптаудан бөлектейтін белгілерді анықтайтын кері жағдайлар байқалады.

Біздің ойымызша, қылмыстық іс жүргізу қызметінде күдікті пайда болатын құбылыс ретінде күдік туралы неғұрлым толық түсінік беру үшін,оның келесідей негізгі аспектілерін бөліп көрсету орынды болады.

Біріншіден, бұл адамның қылмыс белгілері бар әрекетке қатыстылығы туралы болжам.

Екіншіден, мұндай болжам саналы субъектінің (тергеушінің, анықтаушының және т.б.) ішкі ойлау қызметінің нәтижесі болып табыла алмайды, біздің ойымызша, ол қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерге қойылатын талаптарға жауап беруге жататын нақты қолда бар мәліметтерге негізделуі тиіс [5, 22 б.].

Үшіншіден, мұндай болжамның болуы, күдікті туралы айту үшін жеткіліксіз. Бұл аспектіде А.С. Александровтың көзқарасы дұрыс сияқты, оған сәйкес күдіктену тиісті іс жүргізу құжатында көрініс таппаған тергеушінің субъективті көзқарасы болып табылғанша және «күдік келтірілген» адамның мүдделерін қозғамайынша, соңғысына белгілі бір іс жүргізу құқықтарын беру туралы мәселе қоюға болмайды [6, 106 б.]. Сонымен қатар, «тиісті» іс жүргізу құжаттарында адамға күдік келтіру, «күдік келтірілген адамның мүдделері қозғалатын» барлық жағдайларды қамтуы мүмкін емес екені анық. Соңғысы, біздің пікірімізше, «субъективті көзқарас» адамды қылмыстық іс жүргізу қызметіне тікелей тарту бойынша шаралар қабылдау жолымен тексерілгенде мүмкін болады. Осылайша, біздің көзқарасымыз бойынша, қылмыстық іс бойынша дәлел бола алатын мәліметтер негізінде оның қылмыс белгілері бар әрекетке қатыстылығы туралы болжамдарды тексеруге байланысты уәкілетті органмен қылмыстық сот ісін жүргізуге тікелей тартылған адам күдікті болып табылуы тиіс.

Бұл анықтамада күдікті институтының барлық қажетті маңызды жақтары толығымен көрініс тапқан және жүйеленген деп айтуға болады, бұл оған өзінің міндетін барынша оңтайлы және тиімді орындауға мүмкіндік береді. Бұған дәлел ретінде, келесі аргументацияны келтіру орынды болар еді.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, адам күдікті мәртебесін алуы үшін күдікті ретінде тану туралы қаулы, ұстап алу хаттамасын, қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығару қажет (іс жүргізу әдебиеттерінде бұл әдетте адамды күдікті деп танудың заңды негіздері деп аталады). Бұл ретте, біз жоғарыда атап өткеніміздей, осы негіздемелермен қылмыстық процеске тартылған адамға күдікті мәртебесін беру қажет болған барлық жағдайлар қамтылмайды. Сонымен қатар, күдікті ұғымының өзі ғылым мен техниканың дамуымен қатар, тиісінше

қылмыстық процестің теориясы мен тәжірибесімен қатар сөзсіз өзгеретін (толықтырылатын) тергеу әрекеттерінің тізіліміне тікелей байланысты болады.

Бізбен ұсынылған анықтамада, адам күдікті мәртебесіне ие болады және тиісінше, ол қылмыстық процесс саласына тікелей тартылған кезде қажетті іс жүргізу құқықтарына автоматты түрде ие болады. Бұл біз жоғарыда атап өткен мәселелерді айналып өтуге мүмкіндік береді және қандай да бір қаулы шығарылғанына, сондай-ақ қандай лауазымды тұлғамен және оған қатысты күдіктің болуына байланысты қандай процессуалдық әрекеттің нәтижесінде адам қылмыстық процеске тартылатындығына қарамастан, адамға күдіктінің процессуалдық құқықтарын уақытылы пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Күдікті, онымен қоса, ҚПК-не жаңа процессуалдық әрекеттер енгізілсе де, олардан тәуелсіз болады.

Іс жүргізу әдебиеттерінде күдікті фигурасының пайда болуы үшін негіздердің бірі ретінде адамға қатысты сотқа дейінгі іс жүргізуді бастаудың жасанды екендігі туралы пікірді растайтын тұжырымдар жиі кездесетіндігін айта кеткен жөн. Мәселен, кейбір ғалымдар шындығында сотқа дейінгі іс жүргізу басталған адамның қорғаушысы одан тікелей жауап алу алдында ғана пайда болуы мүмкін деп айтады. Жауап алу өз кезегінде, тергеу органдары оны қажет деп тапқан жағдайда ғана жүргізіледі [7, 19 б.]. Сондықтан, шынымен де, адам осы сәттен бастап қана күдіктінің іс жүргізу мәртебесімен көзделген құқықтарын нақты, толық көлемде пайдалануға мүмкін алады. Сондай-ақ, «...бірінші акт адамды күдіктінің жағдайына қоя алмайды, себебі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы туралы қаулы қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруге негіз болған мән-жайлар зерттелгенге дейін шығарылады. Алғашқы тергеу әрекеттерінен кейін, тергеуді басқа адамға қатысты жүргізу керектігі, ал күдікті ретінде танылып отырған адам іске мүлдем қатысы жоқ екендігі анықталуы мүмкін» [8, 44 б.]. Бұл ретте іс бойынша іс жүргізудің өзі «басынанбастап тенденциялық бағыт алады және тергеушіде (анықтау органында) психологиялық тұрғыда іс шын мәнінде осылай болғандығы, басқалай болуы мүмкін еместігі және оған сотқа дейінгі өндірісті бастаған тұлғаның қорытындыларын тек бекітіп, нақтылау керектігі туралы пікір немесе сенімділік пайда болуы мүмкін». Аталған мән-жайлар кейбір авторлардың адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын «заңсыздықтың іс жүргізу алғышарттарының бірі» деп санауға ықпал етті.

Сондай-ақ, адамның оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау нәтижесінде күдікті мәртебесін алуы сайып келгенде, тиісті лауазымды адамның бұны қалай ма, қаламай ма, соған ғана байланысты екенін ескеру қажет. Осындай ниет болмаған кезде, соңғылары қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру туралы қаулыда нақты адамды көрсетпеуге мәжбүр болады, бұл кейбір жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін негіз болған мәліметтерді осындай қаулыда толық емес немесе дәл көрсетпеуге және тиісінше осындай шешім қабылдау қажеттігі туралы бүкіл позицияны әлсіретуге әкеп соғуы мүмкін.

Өз кезегінде, айып тағылғанға дейін ұстап алу немесе бұлтартпау шарасын қолдану да адамды күдікті деп тану үшін (қазіргі уақытта ҚПК-де көзделген) негіздер болып табымайды, тек ерекше, заңмен қатаң белгіленген жағдайларда ғана, оған арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеуді қолданудың шаралары ғана болып табылады. Аталған ережеде біздің ойымызша, белгілі бір адамға күдіктінің процессуалдық мәртебесін беру және біреулерге қатысты іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы түрлі көзқарастардың мақсаттарының, негіздерінің және құқықтық табиғатының алуан түрлілігі туралы қылмыстық іс жүргізу ғылымында ұзақ уақыт бойы орын алған ой-пікірлер өзінің тәжірибелік жүзеге асырылуына ие болады. Белгілі бір адамға күдіктінің процессуалдық мәртебесін беру- қылмыстық-процессуалдық қызмет аясына тартылған адамға күдікке деген көзқарасын дер кезінде білдіруге және өз құқықтарын іске асыруға

мүмкіндік беруге және екіншісі, яғни біреулерге қатысты іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын қолдану институты- қылмыстық іс бойынша өндірісті қалыпты жүзеге асыру үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуге бағытталған.

Қылмыстық іс жүргізу ғылымында күдіктінің құқықтық жағдайының мазмұны туралы да бірыңғай пікір жоқ. Мәселен, А. А. Напреенко күдіктінің құқықтық мәртебесі құқықтар, міндеттер және заңды мүдделер сияқты құрылымдық элементтерден ғана тұруы тиіс деп есептейді [9, 14 б.]. Ю. П. Янович қылмыстық сот ісін жүргізудің қарастырылып отырған қатысушысының жеке тұлғасының құқықтық мәртебесінің құрылымына, оның субъективті құқықтары мен заңды мүдделерін, міндеттерін, құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін, заңды жауапкершілігін енгізеді. Бұл ретте ол азаматтық, жалпы құқық қабілеттілік (құқық субъектілілік), қағидалар, құқықтық нормалар, жалпы (мәртебелік) қатынастарды құқықтық мәртебеге ие болудың қажетті алғышарттарына не оны іске асыру тетігінің құрамдас бөлігіне жатқызады [10, 9 б.]. Е. Э. Цимбарт күдіктінің құқықтық мәртебесінің мазмұнында процессуалдық құқық субъектілікті, субъективті құқықтарды, субъективті міндеттерді, жеке бостандықтарды, заңды мүдделерді қарастыруды ұсынады [11, 7 б.].

«Құқықтық мәртебе» сияқты ғылыми санаттың тікелей мақсаттарының бірі, біздің ойымызша, оның құрылымдық элементтерінің призмасы арқылы қандай да бір субъектінің құқықтық қатынастарға қатысуын талдау неғұрлым тиімді болатын өзіндік ғылыми құралдың ролін орындауы болып табылады. Мұндай талдау зерттелетін пәннің барлық мәселелерін барынша қамтуы және олардың әрқайсысын жеке зерттеу үшін де, сондай-ақ алынған нәтижелерді кейіннен ғылыми жалпылау (синтездеу) үшін де қолайлы жағдайлар жасауы тиіс. Күдіктіге қатысты бұл - оның құқықтық жағдайының мазмұнын анықтау негізіне қазіргі таңдағы орын алған проблемаларды зерттеуге (және мүмкін болатын проблемаларды анықтауға), сондай - ақ оның қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу тиімділігін арттыру үшін ғылыми-теориялық алғышарттар жасауға мүмкіндік беретін тұлғаның қылмыстық іс жүргізу мәртебесінің тұжырымдамасы қойылуы тиіс дегенді білдіреді.

Жоғарыда айталғандарды, сондай - ақ күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуының қазіргі кездегі теориялық және тәжірибелік мәселелерін ескере отырып, біздің ойымызша, оның құқықтық мәртебесі мазмұнының құрылымы мынадай элементтерді қамтиды: қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық; құқық субъектілік; заңды мүдделер; құқықтар мен міндеттер; құқықтар мен заңды мүдделердің кепілдіктері.

Біздің ойымызша, көптеген авторлардың құқық субъектілік қылмыстық процестегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің дербес элементі ретінде әрекет ететіндігі туралы ұстанымы неғұрлым дәлелді болып табылады. Мысалы, О.А. Зайцев «...құқық субъектілік процестің кез келген қатысушысының құқықтық мәртебесінің міндетті элементі болып табылады,...себебі оның болмауы адамға қандай да бір іс жүргізу функциясын жеке орындауға және, сайып келгенде, қылмыстық процестің міндеттерін шешуге белсенді қатысуға мүмкіндік бермейді»- деп көрсетеді [12, 24 б.].

Алдыңғы абзацта көрсетілген тұжырымға сәйкес, құқық субъектілікті қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен белгіленген ретте, адамның процеске қатысушы болу және жеке өзі немесе өкілдер арқылы қылмыстық іс жүргізу қатынастарындағы өзінің іс жүргізу мәртебесін іске асыру қабілеті ретінде анықтау қажет. Бұл ретте құқық субъектіліктің құрамдас бөліктері, өз кезегінде: қылмыстық іс жүргізу құқық қабілеттілігі, яғни адамның құқықтары болу және міндеттер атқару қабілеті және қылмыстық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі - адамның жеке өзі, өз құқықтары мен міндеттерін дербес жүзеге асыру қабілеті болып табылады.

Қазіргі кезде күдіктіде қылмыстық іс жүргізу құқық қабілеттілігінің пайда болуы, ҚПК - мен нақты анықталған шарттарының бірімен байланысты, олар: күдікті ретінде тану туралы қаулы, ұстап алу хаттамасы, қылмыстық терісқылқ жасады деген

күдіктің болуына байланысты жауап алынған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы. Біздің көзқарасымызша, адам қылмыс белгілері бар әрекетке қатыстылығы туралы болжамдарды тексерумен байланысты уәкілетті органның қылмыстық сот ісін жүргізу аясына тікелей тартылған сәттен бастап күдіктінің құқық қабілеттілігіне ие болады.

Күдікті қазіргі уақытта міндетті субъект болып табылатындығын ескере отырып, оның өзінің іс жүргізу мәртебесін алған сәтін және оның іс жүргізу құқық қабілеттілігінің пайда болуын анықтаумен қатар, адам осындай болуын тоқтататын мән-жайларды нақтылау аса маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта, ҚПК сәйкес, адам келесі жағдайларда күдікті деп танылуы тоқтатылады:

- 1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауынан;
- 2) іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауынан;
- 3) егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан;
- 4) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;
- 5) жәбірленушінің шағымының болмауынан, сондай-ақ жекешейыптаушы айыптаудан бас тартқан не коммерциялық немесе өзге де ұйымның немесе уәкілетті органның басшысы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды кері қайтарып алған кезде;
- 6) егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысы бар болса;
- 7) егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар болса;
- 8) іс бойынша іс жүргізу өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, егер қылмыстық заң тыйым салатын іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған адамға қатысты болса;
- 9) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты;
- 10) іс бойынша іс жүргізу қайтыс болған адамды ақтау немесе істі басқа адамдарға қатысты тергеп-тексеру, сондай-ақ заңсыз жолмен табылған мүлікті, тәркіленуге жататын, келтірілген зиянның өтелуін қамтамасыз ететін ақша қаражатын және өзге де құндылықтарды анықтау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қайтыс болған адамға қатысты;
- 11) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында, адамды оған қатысты қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау нәтижесінде күдікті деп тану мүмкіндігінің пайда болуымен, заң әдебиеттерінде күдіктінің процессуалдық жағдайындағы адамдар арасында қалыптасқан теңсіздік жайлы ой-пікірлер айтыла бастағаны, біздің ойымызша, орынды болып табылады. Қарастырылып отырған жағдайда, ҚПК-де белгіленген ұстап алудың және бұлтартпау шараларын қолдану мерзімдерінің «дәстүрлі» негіздеріне қарағанда, «ол белгісіз мерзімге, әуелі тергеу аяқталғанға дейін күдікті мәртебесінде болуы мүмкін». Мұндай сынның себебі, ертеректе айтылған қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдануға және адамды күдікті ретінде тануға- бірыңғай құқықтық табиғатқа, мақсаттар мен негіздерге ие институттар ретінде қарау қажет деген заң шығарушының дұрыс емес көзқарасынан

көрінетін сияқты. Осыған байланысты, біздің ойымызша, В.Р. Навасардянның: «...мерзімінің аяқталуы нәтижесінде күдіктіге қатысты қолданылған ұстап алуды және бұлтартпау шараларының күшін жою, олар қолданылған негіздерді жоймайды және қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікті тоқтатпайды»- деп айтылған пікірі дұрыс болып табылады [13, 10 б.].

Ұстап алу және күзетпен ұстау- процестік мәжбүрлеу шараларының ең қатал шарасы болып табылады және оның басты конституциялық құқықтарының бірі- бостандыққа деген құқықтан айырумен ғана емес, сондай- ақ барлық басқа құқықтарды жеке жүзеге асыру мүмкіндігіне елеулі нұқсан келтірумен де байланысты. Осыған байланысты іс жүргізу әдебиеттерінде, бас бостандығынан айырылған күдіктілердің арнайы құқықтық мәртебеге ие екендігі туралы пікір кездеседі. Бұл жағдайлар, ұстап алынған және қамауға алынған күдіктілер мен айыпталушылардың қамауда болуын регламенттейтін арнайы заңның және бірқатар ведомстволық нормативтік актілердің болуымен қатар, күдіктінің оны ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға байланысты құқықтарын жеке топқа бөлу қажеттігін куәландырады.

Күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу мәселелеріне арналған заң әдебиеттерін зерделеу, күдіктінің құқықтарын жіктеу әрекеттері өте сирек кездесетін құбылыс екенін көрсетті. Біз күдіктінің процессуалдық құқықтарын келесідей топтарға жіктеуді ұсынамыз: олардың басқа да процессуалдық құқықтарына қатысты кепілдік болып табылатын іс жүргізу құқықтары (өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге құқығы, қорғаушы алуға құқығы, сондай-ақ ана тілі мен аудармашының көмегін пайдалану құқығы); күдіктінің келтірілген күдікке шағымдану, дәлелдеу процесіне белсенді қатысу жолымен оның нақты негіздерін теріске шығаруға мүмкіндігін қамтамасыз ететін процессуалдық құқықтар (түсіндірмелер мен айғақтар беру құқығы; дәлелдемелер ұсыну құқығы; тергеушінің рұқсатымен тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысу құқығы); күдіктінің оған қатысты қылмыстық істің толықтығын, жан-жақты және объективтілігіне ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз ететін процессуалдық құқықтары (өтінішхаттар мен қарсылық білдіру құқығы); күдіктіге бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін процессуалдық құқықтары (анықтауды жүзеге асыратын адамның, тергеушінің, прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағым келтіру құқығы; сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, прокуратура, соттың және т.б. заңсыз әрекеттерімен келтірілген мүліктік және моральдық залалды мемлекеттің өтеуін талап ету құқығы). Көрсетілген құқықтар топтарының көлемі мен көптігіне қарамастан, біз бұл тәсілде біршама жасандылықты байқаймыз, өйткені «күдіктінің барлық құқықтарына, олардың бір-бірін қамтамасыз етуі тән» және аталған құқықтардың кез келгенін осы немесе басқа жағдайда көрсетілген құқықтық топтардың әрқайсысына жатқызуға болады.

Күдікті құқық субъектісі болып табылатындығынан басқа, ол белгілі бір міндеттерді орындауы тиіс, атап айтқанда: анықтаудан, алдын ала тергеуден жасырынуға немесе қылмыстық іспен айналыспауға; куәға, қылмыстық сот ісін жүргізудің өзге де қатысушыларына қатер төндірмеуге, сондай-ақ дәлелдемелерді жоймауға не қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге өзге де жолмен кедергі келтірмеуге; ҚПК-нің 18-тарауы тәртібінде таңдалған бұлтартпау шараларымен белгіленген мінез-құлық ережелерін сақтауға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша келуге; тұрғылықты жері ауысқан жағдайда - бұл туралы дереу хабарлауға; мүлікке тыйым салынған жағдайда - тыйым салынған мүлікке билік етуге және пайдалануға белгіленген тыйым салуды сақтауға; тиісті рұқсатсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәліметтерін жарияламауға; тергеушінің куәландыру, сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді іріктеп алу, сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыру туралы Заңға сәйкес шығарылған қаулыларына бағынуға; тінту, өзге де

тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тиісті мінез-құлық туралы тергеушінің заңды талаптарына, сондай-ақ басқа да іс жүргізу шешімдеріне және т. б. бағынуға тиіс.

«Міндеттерді түсіндіру- күдіктіге өз құқықтарын қорғауға көмектеседі, өйткені күдікті өз міндеттерін біле отырып, жауапкершіліктен қорықпай, оның міндеттеріне сәйкес келмейтін немесе олардан асатын тергеушінің, анықтау жүргізетін адамның талаптарын орындамауына болатынын» атап өткен жөн.

Іс жүргізу теориясында қылмыстық іс жүргізу заңнамасы күдікті міндеттерінің толық тізбесіне (қылмыстық сот ісін жүргізуге кейбір қатысушылардың міндеттеріне ұқсас) арналған нормалардың оқшауланған тобын қамтуы тиіс деген көзқарас бар. Мұндай қажеттіліктің басты негізі ретінде қылмыстық процессуалдық заңдағы күдіктінің міндеттерінің

«географиялық» бытыраңқылығы көрсетіледі, ол күдіктінің оған қатысты белгіленген процессуалдық-құқықтық нұсқамаларды анықтауға және тиісінше орындауға қолайлы шарттар туғызуға мүмкіндік бермейді және ол күдіктінің өзіне де және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына да мүлдем тиімсіз болып табылады. Адамның іс жүргізу мәртебесін алу тәртібі анықталатын және сонымен бірге оның негізгі құқықтары көрсетілетін заңның бабында, осындай адамның міндеттері туралы да (мысалы, куәға, жәбірленушіге, маманға және т.б. қатысты ол қалай жасалғаны сияқты) міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Әйтпесе, құқықтар мен міндеттердің жалпы жүйесінің теңгерімділігінің бұзылуы туралы пікір туындайды және ол қолданылған заңнамалық техниканың жетілмегенін куәландырады. Осылайша, өкінішке орай аталған салада шешілмеген мәселелер бар және оны шешу үшін, біздің ойымызша, «қақ ортаны» табу қажет.

Нәтижесінде күдіктінің барлық іс жүргізу міндеттерінің мәні, қылмыстық сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібін тиісінше сақтауға негізделеді. Дәл осындай жалпы түрде, біздің ойымызша, ҚПК-нің 64-бабында күдіктінің міндеттері туралы айтқан жөн [14, 92 б.].

Қылмыстық процестегі жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін, процессуалистер негізінен, іске қатысушы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғаудың құқықтық құралдарының жүйесі ретінде айқындайды, ол заңда белгіленген сот ісін жүргізу нысандары мен қағидаттарын қатаң сақтауды, процеске қатысушылардың құқықтары мен оларды іске асыру шарттарын бекітуді, қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыратын лауазымды адамдар мен органдардың міндеттерді нақты орындауын талап етеді. Бұл ретте, міндеттер режимін тиісті орындаусыз, кез келген процесс қатысушысының құқықтарын жүзеге асыру және мүдделерін қорғау мүмкін еместігін, тек бірыңғай және үйлесімді жүйеде жұмыс істей отырып, бір - бірін өзара алмастыра және толықтыра отырып, құқықтарды жүзеге асыру, мүдделерді қорғау және міндеттерді орындау кепілдіктері оның қылмыстық іс жүргізу мәртебесін қамтамасыз етуге қабілетті екенін атап өту қажет.

Әлбетте, күдіктінің құқықтарын, заңды мүдделерін және міндеттерін жеке, оларды қамтамасыз ету мен іске асырудың күрделі және көп деңгейлі жүйесінен бөлек зерделеу, оның қылмыстық іс жүргізу қатынастары саласына қатысуын одан әрі жетілдіруде қандай да бір мәнге ие болмайды. Бұл күдіктінің құқықтарының, заңды мүдделері мен міндеттерінің кепілдіктерін, оның құқықтық мәртебесінің құрылымына қосу қажеттілігін анықтайды және бұл мәселе көлемді болуына байланысты, жұмыстың келесі тарауында қарастырылады. Жүргізілген зерттеу қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру бойынша бірқатар теориялық ережелерді, ұсыныстарды және сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында күдіктінің құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету мен заңнамалық реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған тәжірибелік ұсыныстарды тұжырымдауға және негіздеуге мүмкіндік берді.

Күдіктінің құқықтық мәртебесі бұл- қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен бекітілген қылмыстық сот ісін жүргізудегі күдіктінің жағдайы. Оны келесі элементтер сипаттайды: іс жүргізу құқықтары мен міндеттері, заңды мүдделері, іс жүргізу құқық қабілеттілігі, іс жүргізу әрекет қабілеттілігі, іс жүргізу жауапкершілігі, іс жүргізу кепілдіктері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // (2023.10.10. берілген (<http://online.zakon.kz>)).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік Кодексі (03.07.2014ж.) – Алматы: Юрист, (2023.10.10.берілген (<http://online.zakon.kz>)).
3. Ожегов С.И., Шведов Н. Ю. Толковый словарь русского языка. - М.: Русский язык,1997.- 165 с.
4. Козловский Н.А. Подозрение в советском уголовном процессе. Дисс.канд. юрид. наук.- Свердловск, 1989.- 166 с.
5. Пантелеев И.А. Проблемы совершенствования института подозрения в уголовном процессе России. Дисс. канд. юрид. наук.- Екатеринбург, 2000.-160 с.
6. Томин В.Т., Поляков М.П., Александров А.С. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации.- 7-е изд., перераб. и доп. - Москва: Юрайт, 2014. – 1087 с.
7. Ларин А.М., Мельникова Э.Б., Савицкий В.М. Уголовный процесс России. Лекции-очерки. - М., Изд-во БЕК, 1997.- 314 с.; Башкатов Л., Ветрова Г. О состязательности // Рос. юстиция. 1995.- № 1.- С. 19.
8. Клычников А.И. О понятии и гарантиях прав подозреваемого в советском уголовном процессе // Проблемы уголовного процесса и криминалистики.- Москва: изд-во Московского университета, 1976.- С. 38-49.
9. Напреенко А.А. Гарантии прав подозреваемого в советском уголовном процессе. Автореф. дисс. канд. юрид. наук.- М., 1982.- 24 с.
10. Янович Ю.П. Проблемы совершенствования процессуального статуса подозреваемого и обвиняемого. Автореф. дисс. канд. юрид. наук.- Харьков, 1992.- 25 с.
11. Цимбарт Е.Э. Процессуальное положение подозреваемого в российском уголовном процессе. Автореф. дисс. канд. юрид. наук.- Челябинск, 2001. – 18 с.
12. Зайцев О.А., Смирнов П.А. Подозреваемый в уголовном процессе.- М.: Изд-во «Экзамен», 2005.- 320 с.
13. Навасардян В.Р. Правовые аспекты взаимодействия адвоката- защитника с подозреваемым, обвиняемым, подсудимым. Дисс. канд. юрид. наук. - СПб, 1999.- 234 с.
14. Арын А.А. Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелері. Дисс. Доктор PhD.- Алматы, 2021. – 151 б.

УДК 342.9

Аспандияр С. Б.,¹ Ильясова Б. Қ.²¹Қонаев университетінің 2 курс магистранты
e-mail: aspandiar.s001@gmail.com²Қонаев университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: baxonya_2775@mail.ru

ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ

Андатпа. Қазақстан Республикасындағы азаматтардың қатысуымен әкімшілік-құқықтық қатынастары әкімшілік құқығы мен әкімшілік іс жүргізу құқығының теориялық және тәжірибелік мәселелерін Қазақстан Республикасындағы және алыс және жақын шетелдік елдердегі қолданыстағы заңнамалар мен ережелердің қатынастарымен тұтастай түрде қараудан тұрады.

Әкімшілік жауапкершілік - қауіп төндірмейтін бұзушылықтар жасалған кезде туындайтын заңды жауапкершіліктің бір түрі.

Кеңестік және посткеңестік кезеңде әкімшілік жауапкершілік институты өзінің ғылыми негіздемесін және тұрақты нормативтік бекітілуін алды.

Тарихи тұрғыдан алғанда, әкімшілік жауапкершілік жауапкершіліктің кең таралған түрлерінің бірі болып табылады. Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік реттеудің маңызды құралы болып табылады, ал заңды тұлғаларға қатысты іс жүзінде жалғыз және тиісінше ең маңыздысы болып табылады.

Құқықтық жүйесі дамыған мемлекеттерде, әкімшілік-құқықтық қарым-қатынастар институты құқықтық қатынастардың маңызды элементі болып табылады, олар мемлекеттік билік ұйымдарының адам мен азаматтың көпшілік-құқықтық мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғау мәселелерінде жанама түрде әрекет етеді.

Тиісінше, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасындағы әкімшілік жауапкершілік институтының қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына талдау жүргізу қажет деп санаймыз.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, мемлекет, билік, құқық, құқықтық қатынас, кодекс, әкімшілік жауапкершілік, әкімшілік құқық, әкімшілік сот, әкімшілік әділет, бақылау.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

Аннотация: Административно-правовые отношения с участием граждан в Республике Казахстан состоят в рассмотрении теоретических и практических вопросов административного права и административно-процессуального права в целом отношениями действующего законодательства и правил в Республике Казахстан и странах дальнего и ближнего зарубежья.

Административная ответственность-вид юридической ответственности, возникающий при совершении нарушений, не представляющих угрозы.

В советский и постсоветский период институт административной ответственности получил свое научное обоснование и постоянное нормативное закрепление.

Исторически административная ответственность является одной из наиболее распространенных форм ответственности. Меры административного принуждения являются важнейшим инструментом государственного регулирования деятельности

физических и юридических лиц, а в отношении юридических лиц-практически единственным и, соответственно, наиболее важным.

В государствах с развитой правовой системой институт административно-правовых отношений является важнейшим элементом правоотношений, они косвенно выступают в вопросах обеспечения и защиты публично-правовых интересов человека и гражданина организациями государственной власти.

Соответственно, считаем необходимым провести анализ современного состояния и перспектив развития института административной ответственности в Республике Казахстан в связи с внесенными изменениями в Кодекс об административных правонарушениях.

Ключевые слова: Республика Казахстан, государство, власть, право, правоотношения, кодекс, административная ответственность, административное право, административный суд, административная юстиция, контроль.

MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF ADMINISTRATIVE AND LEGAL RELATIONS

Abstract. Administrative and legal relations with the participation of citizens in the Republic of Kazakhstan consist in considering theoretical and practical issues of administrative law and administrative procedural law as a whole with the relations of current legislation and regulations in the Republic of Kazakhstan and near and far foreign countries.

Administrative liability is a type of legal liability that arises when violations are committed that do not pose a threat.

In the Soviet and post-Soviet period, the Institute of administrative responsibility received its scientific justification and stable regulatory approval.

Historically, administrative responsibility is one of the most common types of responsibility. Administrative coercive measures are the most important means of state regulation of the activities of individuals and legal entities, and in relation to legal entities are practically the only and, accordingly, the most important.

In states with a developed legal system, the institution of administrative and legal relations is an important element of legal relations, which indirectly act in matters of ensuring and protecting the majority legal interests of a person and a citizen by organizations of state power.

Accordingly, in connection with the changes made to the code of administrative offenses, we consider it necessary to conduct an analysis of the current state and prospects for the development of the institution of administrative responsibility in the Republic of Kazakhstan.

Key words: Republic of Kazakhstan, state, government, law, legal relations, code, administrative responsibility, administrative law, administrative court, administrative justice, control.

Қазіргі заманғы шындық жағдайында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығын реформалау мәселесі, оны құқықтық реттеу сабағы етіп реттеу, жаңа әкімшілік-құқықтық институттар құру (мысалы, әкімшілік келісім-шарт, әкімшілік талап) және «көнелерді» жылдам реформалау (мысалы, мемлекеттік қызмет институты, шешім шығару жүйесі), соттық реформа жүргізу, әкімшілік және басқару процессінің теориялық негіздерін дайындау, әкімшілік процедуралар, соттық билік жағынан көпшілік құқықтағы адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігін әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету бұлардың барлығы да өзекті болып қала береді. Сонымен қатар, мұнан да өзектірек болып, жеке құқық институт сияқты, әкімшілік талап бойынша соттық бақылау қызметін атқаратын, әкімшілік сот істері бойынша қаралатын әкімшілік әділет қызметінің қалыптасуы мен жолға қойылуы мәселелері қала береді. Мемлекеттік биліктің жеке құқықтық формасы сияқты бақылау, белгілі бір қатынастардың жүйесінде көрінеді. Кез-келген ұйымның бақылау

функциясының, мемлекеттік бақылаудың мәнін анықтайтын жалпы белгілері болады [1, 6 б.].

Біріншіден, мемлекеттік бақылаудың қызметі тек мемлекеттік билік пен басқару ұйымдарына тән.

Екіншіден, мемлекеттік бақылау мемлекет атынан іске асырылады, оның қандай ұйымдармен таратылатындығына қарамастан, жалпы мемлекеттік сипат алады.

Үшіншіден, бақылау заңды формада іске асырылады.

Төртіншіден, бақылау жүйесі иерархия принципі бойынша құрылады. Бақылау функциясы өзінің мазмұнына, сипаты мен міндетіне қарай конституциялық болып табылады және жалпы анықтамасы бойынша конституциялық категория болып табылады.

Қазіргі заманғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік заңнамасы физикалық және заңды тұлғалардың Үкіметтің, министрліктер мен ведомствалардың, жергілікті мемлекеттік ұйымдардың нормативті актілеріне шағым жасауларына мүмкіндіктері қарастырылған, онда тіптен Үкіметтің нормативті актілері бірден Жоғарғы сотқа шағымдануға болады.

Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамалық нормаларға сәйкес тек Президенттің ғана Заңдары мен Үкімдерін соттық жағдайда шағымдануға болмайды.

Қазақстанда ұзақ уақыт бойы, сол кездегі басқа да кеңестік мемлекеттердегідей, мемлекеттік билік ұйымдарының әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығына дәстүрлі соттық бақылау, атқарушы билік ұйымдарының әрекетін бақылауға ұластырылды. Мұндай әдіс, әрине, өте тар шеңберде қалды, себебі заң шығарушылардың, билік өкілдерінің, сонымен қатар жергілікті басқару ұйымдарының әрекеттерінің заңдылығы соттық бақылаудан тыс қалып қояды.

Бұл туралы Қ.А.Мами өте дұрыс айтады: «Азаматтардың көпшілік-құқықтық актілерін шағымдануын дәл осы жағдайды тар шеңберде түсінуі, әкімшілік сот істері, әкімшілік әділет немесе әкімшілік күзірет мәселелерін де осындай тар шеңберде түсінуге негіз болады.

Қазақстанның заң ғылымында мемлекеттің барлық нормашығармашылық жұмыстарына соттық бақылауды кеңейту идеясы көбірек айтылып келеді, және осындай пікірді көптеген ғалымдар қолдайды» [2, 224 б.]

Байқауымыз керек, заң туралы әдебиеттерде соттық билікті мәнін анықтауда оның қызметін сипаттайтын позициясы бойынша бірлік жоқ. Соттық биліктің қызметін қолданып, ерекшелейміз: әділсот, соттық бақылау, қолданыстағы заңнаманы зерттеу мен зерделеу негізінде түсіндіру, соттық корпус құрастыру болып табылады. Мемлекеттің құқыққорғау қызметі, адамның құқығы мен еркіндігін қорғайтын, соттық билікпен қамтамасыз етіледі, ол толығымен конституциялық өкілетілікпен бекітілген – мемлекет атынан әділсот құқықты іске асырады. Әділсот жүйесі сияқты, заттық белгімен алғанда, соттық билік мемлекет әрекетінің нақты формасын көрсетеді. Әділсоттан басқа, сонымен, соттық биліктің қызметіне әдебиеттерде мыналар жатады:

- заңдылығына соттық бақылау және процессуалды мәжбүрлеудің қолданылған шараларын негіздеу;

- құқықтық нормаларду талқылау;

- заңдылық маңызы бар фактілерді ресми куәлендіру;

- азаматтардың конституциялық және басқа да құқықтық субъектілілігін шектеу [3, 49 б.].

Соттық бақылау құқық туралы дауларды шешумен байланысты; соттық бақылаудың мәні олардың заңды екендігін тексеру мен бағалаудан және көпшілік билік ұйымдарының шешімі мен әрекеттерінің конституциялық құқықтарын бұзған немесе шектеген, азаматтар мен заңды тұлғалардың еркіндігі мен заңды мүдделерінің негізделгендігінен тұрады.

Соттық бақылау мемлекеттік бақылаудың басқа түрлеріне қарағанда іске асыру шеңберінде кең диапазонды, ол қоғамдық өмірдің, мемлекеттік билік пен басқарудың барлық салаларын қамтиды.

Соттық бақылаудың спецификалық сипатына, ең алдымен, мынаны жатқызуға болады, яғни, соттық бақылау атқарушы билік пен прокурорлық бақылаудан ерекше басқарушылардың тілегі бойынша емес, басқарушы субъектілердің – азаматтардың, олардың сотқа шағымдануына байланысты басқа да физикалық және заңды тұлғалардың өтініші бойынша іске асырылады, сондай-ақ көпшілік билік қызметін атқаратын әлеуметтік басқару субъектілерінің инициативасы бойынша іске асырылады.

Осыған байланысты зерттеушілердің альтернативтілікті мемлекеттік бақылаудың осы түрінің маңызы аз емес ерекшеліктерінің бірі ретінде атап көрсетулері орынды. Айтылған ойдың аясында түсіндіре кетуіміз керек, яғни, біздің елде шындығында, соттық бақылаудың шебі үнемі шектеліп келді. Әділдік үшін мойындауымыз керек, әділетті ешқашан да, құқық мүддесін қорғайтын жеке күш деп қабылдамаған. Себебі, оған тек ритуалды, декоративті қызмет берілген. Партияның қаулылары және жоғарғы сот ұйымдарының басшылық түсіндірмелері «күресті күшейту», «келіспейтін жағдай жасау» және т.б. деген сияқты құр шақырулар оны жасанды етті [4].

Дегенмен соңғы уақытта жағдай өзгерді. Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін көтеру қажеттілігі туындады (бұл әкімшілік құқықтың бірден-бір міндеті), бірақ, бір мезгілде азаматтарды көбейіп кеткен «тиімділіктен» қорғау қажеттілігі де байқалады (позитивті әкімшілік процесс пен әкімшілік әділеттің тапсырмасы болып табылатын). Сондықтан, соттың алдында пайда болатын, жаңа тапсырманы шешу, соттық бақылаудың жаңа құралдары мен жолдарын қолдануды талап етеді.

Қалыптасқан әкімшілік-құқықтық қатынастар жағдайында, біз толығымен ғалым - зерттеушілер мен заңгер мамандардың пікірлерімен келісеміз, олардың пікірлері бойынша, әкімшілік әділет жүйесінде қалай болса, әкімшілік сот жүргізу ісінде де тек әкімшілік даулар шешілуі тиіс. Басқа да жағдайлар бұл мәселені шешуде болмауы тиіс. Мұнда принциптік тұрғыда болатын нәрсе, ол кеңестік дәуірде қалыптасқан түсінікпен әкімшілік дауларды, азаматтардың нормативті актілерін таласқа түсіру туралы іс деп түсінулерінен бас тартулары қажет, заңнамаға осыған сәйкес өзгерістер енгізу қажет. Оның үстіне, әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын даулардың көпшілік-құқықтық сипатына қарамастан, олардың тәртібі Қазақстан Республикасында Азаматтық-процессуалдық кодекспен реттеледі, ал бұл мұндай даулардың көпшілік-құқықтық сипатына таза сәйкес келмейді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің маңыздылығы оның заңдылық қағидатын қамтамасыз ететін және азаматтардың құқықтарын қорғауға кепілдік беретін, сондай-ақ мемлекеттік билік тармақтарын тежейтін құқықтық мемлекеттің негізі болып табылатындығында. Біздің елімізде бұл институттың дамуы оңай болған жоқ. Құқықтық қоғамдастық арасында әкімшілік әділетті енгізу қажеттілігі туралы хабардарлық біртіндеп нығайып келе жатқанына қарамастан, оны жүзеге асыру үшін ұзақ уақыт бойы мемлекеттік ерік-жігер болмады. Алайда, заңгер ғалымдар, судьялар мен практиктер арасындағы ондаған жылдар бойғы пікірталастар әкімшілік әділеттілікті түпкілікті енгізген күрт және дәйекті реформалармен алмастырылды [5].

Біздің ойымызша, қазақстандық құқықтық жүйе аймағында қалыптасқан әкімшілік әділетті тек қана әкімшілік-құқықтық қатынастар шебінде қарауға болады, яғни, әкімшілік даулар, қалыптасқан әрекеттер аймағына өте қатаң түрде қосылған, әкімшілік әділет, әкімшілік соттармен әкімшілік сот істерін жүргізу тәртібінде қаралулары тиіс. Сонымен, өкінішке орай, бірден-ақ келісуге болады, яғни, әкімшілік әділеттің қазіргі заманғы қазақстандық концептуалдық моделі екі құқықтық орбита диапазонында құрылады: әкімшілік-құқықтық (оның ішінде әкімшілік-процессуалдық) және азаматтық-процессуалдық.

Республикадағы әкімшілік-әділеттік қатынастардың қалыптасуындағы мұндай екіжақтылық, өзінің соңынан жақсы салдарларға алып бармайды, керісінше, керітартпалық сипат алады.

Алғаш рет заңнамалық деңгейде «әкімшілік Әділет» термині Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында қолданылды.

Біздің елімізде әкімшілік әділетті енгізу және жұмыс істеу тақырыбы он жылдан астам уақыт бойы талқыланып келеді және құқықтық реформаларды іске асыру шеңберінде мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Әкімшілік әділет-құқықтық мемлекеттің маңызды атрибуты. Мемлекеттік басқару және әкімшілік құқық үшін әкімшілік әділет құқықтық қатынастар жүйесінің жұмыс істеуінің байланыстырушы буыны болып табылады.

Әкімшілік әділеттің маңыздылығы мен маңыздылығына қарамастан, Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесінде бүгінгі күнге дейін адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ әкімшілік Әділет болып табылатын заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қорғаудың мұндай тетігі жоқ екенін ерекше атап өткен жөн.

Әкімшілік Әділет салыстырмалы түрде жас құбылыс. Елімізде жүйелі түрде жүргізіліп жатқан әкімшілік және сот реформалары әкімшілік Әділет институтын дамытудың одан әрі қадамдарын көрсетеді - бұл үшін саяси ерік-жігер де, тиісті заңнамалық бекіту де бар.

Әлемде әкімшілік әділеттің әртүрлі модельдері бар: француз, неміс және англо-саксон (Ұлыбритания және АҚШ)

Әкімшілік Әділет-бұл азаматтардың мемлекетке қарсы талаптарын шешуге арналған мамандандырылған соттар (немесе квази-сот органдары). Әкімшілік әділеттің қалыптасуының көптеген зерттеушілері ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басына жатады. Сонымен қатар, қазақстандық зерттеуші Ж. Әбдірайымовтың пікірінше, әкімшілік әділеттіліктің алғашқы өскіндерін Ежелгі Греция мен ежелгі Рим мемлекеттерінде көруге болады, онда жеке адамның құқықтары ең үлкен құндылық деп танылып, билеушілердің озбырлығынан қорғалған. Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде Консул, претор немесе басқа лауазымды адам ренжіткен әрбір еркін азамат еркін жиналысқа жүгіне алады, мысалы, халық трибуналарына оны қысымшылықтан қорғауды өтінеді.

«Мен Рим азаматымын» деген сөз бұл азаматтың шағымдану құқығына ие екенін және биліктің озбырлығынан қорғалғанын білдірді. «Ежелгі Греция мен республикалық Римнің саяси қалаларының заңнамасы белгілі бір бөлімде «азамат-лауазымды тұлға» құқықтық қатынас мәселесін шешті деп айтуға болады. Бірінші субъектінің билікті теріс пайдалануына және екіншісінің құқықтарына нұқсан келтіруіне жол бермеу», - деп атап өтті зерттеуші [6].

Әкімшілік әділеттің қалыптасуын орта ғасырларда да байқауға болады. ХІІ ғасырдың ортасында Англияда бейбітшілік судьясының лауазымы басқару функциясы мен әкімшілік Әділет функциясын қамтыды. Ағылшын бейбітшілік судьялары тұрғындардың салық, полиция және басқа да мемлекеттік органдармен дауларын талқылады. Еуропадағы феодализм дәуірінде Францияда, Германияда, Италияда жеке тұлғалардың қоғамдық биліктің әрекеттеріне қатысты шағымдарын талқылауда жалпы соттар маңызды рөл атқарды. Франциядағы парламенттер Жоғары Сот-әкімшілік мекемелер болды. Зерттеуші атап өткендей, «жүргізілген шолу әкімшілік соттар сол жерде, қашан, қашан және мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол жеткізе бастағанда пайда болады» деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік әділеттің дербес институт ретіндегі қызметі ХІХ ғасырдың ортасында ғана айқын көрінеді. Әкімшілік әділеттің тәуелсіз институт ретіндегі элементтері ХІХ

ғасырдың ортасында, әкімшіліктің қызметін сот бақылауы мемлекеттік тексеру мен іс жүргізу әрекеттерінің жеке саласына бөлінген кезде ғана айқын көрінеді [6].

Әкімшілік-құқықтық қатынастар жүйесіндегі адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігін іске асыру процессінде Германияның әкімшілік әділет әрекеттерінің тәжірибесі көрнекті болып табылады. Қазіргі заманғы неміс соттары әкімшіліктен толығымен ажыратылған және жеке жүйені құрайды.

Германияда ерекше көңіл қойылатын нәрсе, ол әкімшілік сотпен қаралатын істің міндеттері жоғары маманданған судьялармен шешілгендігі, себебі әкімшілік құқық шебінде келіспеушіліктер туындайды, онда азамат мемлекетке қарсы тұрады, және бұл соттардың шешімі, елдің Негізгі заңдары мен құқықтарына мемлекеттік ұйымдардың әрекеттері сәйкес келулері керек. Әкімшілік соттар, сонымен бірге, мемлекеттік ұйымдар әрекеттерін, қалыптасқан мемлекеттік - құқықтық тәртіппен сәйкес тек қана күшейтіп қоймайды, сонымен қатар, азаматтардың құқықтық тәртіп пен мемлекетке деген сенімін қалыптастырады, ал ол қоғамдағы бірізділікті тыныштықты қамтамасыз етеді [7, 85 б.].

Сонымен, әлемдік тәжірибе куәлендіреді, яғни, әкімшілік соттар жеке тұлғаларға әкімшілік жазалар бермей, қайта олардың көпшілік әкімшілікпен дауларын шешеді, себебі, әкімшілік әділет, тұлғаға қатысты жазалаушы институт емес, құқық қорғаушы болып табылады. Өздерінің шешімімен олар көпшілік әкімшілік әрекеттеріне лайықты деңгейдегі ең алдыңғы әлемдік стандарттарды ендіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан. Учебник том 1. Введение в теорию.- Нурсултан 2022 г.- 367 с.
2. Маами К.А. Некоторые итоги реформирования административного судопроизводства в Казахстане и перспективы развития // Материалы международной научно-практической конференции «Административное судопроизводство: проблемы и перспективы развития». – Алматы, 2005. – с. 224.
3. Газизова Н.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Оқу құралы. Алматы: New book, 2021. – 364 бет.
4. Исполнение решения суда и судебный контроль по административным делам 28.02.2023 г. Асель Бопенова, главный специалист Специализированного межрайонного административного суда Акмолинской области. <https://716.kz/news/25386-ispolnenie-resheniya-suda-i-sudebnyi-kontrol-po-administrativnym-delam.html>
5. «Некоторые проблемные вопросы соотношения КоАП и АППК, А.Тукиев и К.Сабилов, «Online.zakon.kz», 29.11.2023 г. <https://sud.gov.kz/rus/massmedia/nekotorye-problemnye-voprosy-sootnosheniya-koap-i-appk-atukiev-i-ksabirov-onlinezakonkz>
6. Административная юстиция как правовой механизм защиты граждан. Жаскалиев А. <http://astanazan.kz/?p=5804> 09.02.2024 г.
7. Юрченко Р.Н. О перспективах развития административного правосудия в Республике Казахстан //Материалы II-й международной школы (научно-практического семинара) административного права «Административная юстиция: зарубежный опыт и перспективы реформирования в Республике Казахстан). – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2011. – С.85.

УДК 615.035.4: 616.12-008.313.2

Әбділда Д. Ә.^{1*}, Нурланова А. Б.²¹ Университет Кунаева² студентка 4-го курса Университета Кунаева,
г. Алматы, Республика Казахстан

*e-mail: a.dilyana@mail.ru

ПРОЗРАЧНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ: ОПЫТ СОВРЕМЕННОГО ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ

Аннотация. Государственный бюджет - ключевой инструмент управления и развития общества, определяющий расходы и доходы государства. Однако информация о нем часто недоступна гражданам, предоставляется лишь СМИ. В условиях отсутствия независимой журналистики гражданам сложно доверять информации из СМИ о финансировании из бюджета на различные цели. Это вызывает недоверие к власти и ухудшает деловую репутацию страны. Прозрачность деятельности государственных органов поможет бороться с коррупцией. Цифровизация в 2023 году помогла сократить коррупцию. Казахстан занял 93 место по индексу восприятия коррупции из 180 стран. В условиях коррупционных схем и легализации (отмывания) доходов, возникает необходимость в новых технологиях и проектах, которые смогли бы сделать более прозрачным распоряжение государственным бюджетом.

В настоящей статье нами раскрыт проект "ҚАЗЫНА", предлагающий создание приложения для граждан, где они смогут отслеживать расходы и доходы государственного бюджета. Это позволит проверять финансирование различных фондов, а также своевременно выявлять подозрительные операции или нарушения. Такая система, основанная на технологии блокчейн, может повысить прозрачность и ответственность в использовании бюджетных средств.

Ключевые слова: Блокчейн, Payload, Head, Хэш, Майнинг, Proof of work, Холодное и горячее хранение, Анонимайзер, Миксер, Сеть Tor.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Андатпа. Мемлекеттік бюджет-мемлекеттің шығыстары мен кірістерін айқындайтын қоғамды басқару мен дамытудың негізгі құралы. Алайда, бұл туралы ақпарат азаматтарға жиі қол жетімді емес, тек бұқаралық ақпарат құралдарында беріледі. Тәуелсіз журналистика болмаған жағдайда азаматтарға әртүрлі мақсаттарға бюджеттен қаржыландыру туралы БАҚ ақпаратына сену қиынға соғады. Бұл билікке сенімсіздік тудырады және елдің іскерлік беделін төмендетеді. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы сыбайлас жемқорлықпен күресуге көмектеседі. 2023 жылы цифрландыру сыбайлас жемқорлықты азайтуға көмектесті. Қазақстан 180 елден сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 93-орынға ие болды. Сыбайлас жемқорлық схемалары және кірістерді заңдастыру (жылыстату) жағдайында мемлекеттік бюджетке билік етуді неғұрлым ашық ете алатын жаңа технологиялар мен жобаларға қажеттілік туындайды.

Осы мақалада біз азаматтарға мемлекеттік бюджеттің шығыстары мен кірістерін қадағалай алатын қосымша құруды ұсынатын "ҚАЗЫНА" жобасын аштық. Бұл әртүрлі қорлардың қаржыландырылуын тексеруге, сондай-ақ күдікті операцияларды немесе бұзушылықтарды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Блокчейн технологиясына

негізделген мұндай жүйе бюджет қаражатын пайдаланудағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыра алады.

Кілт сөздер: Блокчейн, Payload, Head, Хэш, Майнинг, Proof of work, Суық және ыстық сақтау, Анонимайзер, Миксер, Тор желісі.

TRANSPARENCY OF THE ACTIVITIES OF GOVERNMENT AGENCIES AND INFORMATION TECHNOLOGY: THE EXPERIENCE OF MODERN LEGAL REGULATION

Abstract. The state budget is a key tool for the management and development of society, determining the costs and revenues of the state. However, information about him is often unavailable to citizens, provided only by the media. In the absence of independent journalism, it is difficult for citizens to trust information from the media about budget financing for various purposes. This causes distrust of the authorities and worsens the business reputation of the country. Transparency in the activities of government agencies will help fight corruption. Digitalization in 2023 has helped reduce corruption. Kazakhstan ranked 93rd in the corruption perception index out of 180 countries. In the context of corruption schemes and money laundering, there is a need for new technologies and projects that could make the management of the state budget more transparent.

In this article, we have disclosed the KAZYNA project, which offers the creation of an application for citizens where they can track expenditures and revenues of the state budget. This will allow checking the financing of various funds, as well as timely detecting suspicious transactions or violations. Such a system based on blockchain technology can increase transparency and responsibility in the use of budget funds.

Key words: Blockchain, Payload, Head, Hash, Mining, Proof of work, Cold and Hot storage, Anonymizer, Mixer, Tor Network.

Блокчейн — это технология, благодаря которой появились криптовалюты. Сам термин «Блокчейн» в переводе с английского языка означает «цепь из блоков» — это электронная база данных, которая регистрирует все совершенные транзакции. Каждая запись в блокчейне представлена в виде блоков, которые связаны между собой. Каждый новый блок содержит информацию о предыдущем. Технология блокчейна позволяет уникально идентифицировать участника и привязывать информацию к конкретному лицу, при этом невозможно *подделать, удалить или изменить эту информацию незаметно*.

По мнению Банка Англии, блокчейн — «технология, позволяющая людям, которые не знают друг друга, доверенно и совместно использовать запись событий». Невозможно скрытно подделать данные внутри этой системы, поэтому она признана коррупционно-стойкой [1]. Как было указано выше, блокчейн состоит из цепочки блоков. Каждый блок состоит из двух основных элементов — Заголовка (Head) и Тела (Payload).

Payload содержит список всех транзакций, которые сохраняются в данном блоке и попадают в блокчейн. В каждом блоке данного проекта будет отражена информация об объекте финансирования, включая систему оплаты труда государственным служащим, пенсионное обеспечение, а также информация о фондах с ссылкой на их сайт и адрес. Head хранит информацию, которая отвечает за стабильность и иммутабельность сети.

Теперь переходим к содержанию Head классического блокчейна:

- 1) Номер версии (Version)
- 2) Хэш блока — это строка символов, созданная из данных блока. Она действует как уникальный "отпечаток пальца" для этого блока. Любые небольшие изменения в данных блока приведут к значительному изменению хэша. Хэш используется для обеспечения целостности данных и связи блоков в цепь. Хэш идентифицирует блок и все его содержимое, он всегда будет актуален, как отпечаток пальца.

Как только создается новый блок, ему присваивается хэш. Если что-либо внутри блока меняется, это вызывает изменение хэша, что делает последующие блоки недействительными.

- 3) Хеш предыдущего блока (prev_block)
- 4) Хеш всех транзакций в текущем блоке (mrkl_root)
- 5) Временная метка – время создания блока (Time)
- 6) Bits и Nonce, которые используются в майнинге.

Майнинг - это создание новых блоков в блокчейне. Люди, которые создают новые блоки, называются майнерами, используют свои компьютеры для решения сложных математических задач, что позволяет им добавлять новые блоки транзакций к цепи. В награду за свой труд майнеры получают новые единицы криптовалюты. Данный процесс обеспечивает безопасность сети и создает новые единицы криптовалюты. Что касается создания новых блоков и поиска специалистов проблем, у нас не будет проблем, так как Казахстан по версии Forbes.ru занимает 3 место в мире по количеству майнеров, уступая лишь Китаю и США.

Тут же возникает вопрос отмывания денег через Криптовалюту. На основе Блокчейна появилась Криптовалюта, значит через блокчейн можно будет отмывать деньги, или совершать хакерский взлом. И как можно убедиться о безопасности использования блокчейн.

Для ответа на данные вопросы рассмотрим классический блокчейн из состоящий из 3-х блоков. Каждый блок, как я говорила выше имеет индивидуальный хэш, а также хэш предшествующего блока.

Например, блок №3 содержит в себе хэш блока №2, а хэш блока №2 содержит в себе хэш блока №1. Блок №1 является самым значимым, так как он не указывает на предшествующие блоки, так как он предоставлен самым первым, его называют Генезис блок. Допустим если один из чиновников захочет добавить изменения блок №2, т.е. присвоить себе часть денег с государственного бюджета. И если он внесёт изменения в блок, то это приведет к изменению хэша, это в свою очередь приведет к недействительности остальных блоков. В связи с тем, что они хранят действительный хэш предшествующего блока. В итоге изменение состава одного блока делает остальные блоки недействительными.

Помимо безопасности хэш существует еще один способ предотвращения фальсификации. Так как с каждым годом создаются мощные компьютеры способные существенно изменить блок, а так же провести перерасчет всех хэш-ей остальных блоков. В блокчейне что бы избежать этого существует система Proof of work (Доказательства работы). Система Proof of Work устанавливает задержку в создании новых блоков, что приводит к временному интервалу в 10 минут между добавлением каждого нового блока. Данный процесс усложняет изменение блока. Так что если чиновник захочет изменить один блок, то ему нужно будет пересчитать доказательство работы для всех остальных блоков, что является очень трудным процессом. Таким образом, безопасность блокчейна заключается в совокупности «хэширования и доказательства работы» [2].

Существует еще один способ предотвращения фальсифицирования. Криптовалюты делятся на централизованные и децентрализованные. Централизованные это те, которые контролируются одним или ограниченным числом участников. Как правило у них имеются Администраторы, который контролируют деятельность централизованной криптовалюты. А вот в децентрализации нет контролирующего органа.

Вместо использования единого контролирующего органа, в децентрализации применяется одноранговая сеть, где каждый желающий может присоединиться, в нашем случае гражданин, где ему присылается копия блокчейна. Данный механизм называется взлом. И при создании нового блока, данный блок присылается всем пользователям.

Теперь рассмотрим, что происходит, когда любой пользователь создает новый блок. Этот новый блок рассылается всем подключенным узлам сети.

Понятие Узел в блокчейне бывают различными, это могут быть компьютеры или устройства, которые подключены к сети и выполняют определенные функции. Например: существуют полные узлы, которые хранят полную копию блокчейна, майнеры, и узлы-участники. Они могут отправлять транзакции, получать информацию о состоянии блокчейна и т.д.

Каждый узел осуществляет проверку блока перед его принятием, для того чтобы исключить возможность изменений. После успешной проверки блока каждый узел включает его в свою версию блокчейна.

Каждый узел в сети должен достичь согласия, для того что бы создать новый блок. Узлы сети соглашаются какие блоки признаются действительными, а какие – нет. Ложные блоки будут отвергнуты узлами сети. Таким образом что бы фальсифицировать блок ему нужно будет взять под контроль более 50% независимой одногранговой сети [3].

В случае если наши чиновники захотят изменить сумму финансирования с государственного бюджета, и часть денег оставить себе, либо изменить данные в блокчейне, ему нужно будет:

- 1) Изменить блок, а если изменить блок то меняется хэш, как мы знаем изменение хэш приведет к недействительности всех блоков, ему нужно будет изменить все блоки.
- 2) Для каждого изменённого блока подделать доказательство работы Proof of Work
- 3) Взять под контроль более 50% независимой одногранговой сети, для того что бы каждый узел сети подтвердил его изменения.

Таким образом изменить или удалить данные в Блокчейне практически невозможно.

Существуют различного рода хакеры, которые могут взломать систему и украсть деньги. Для этого уже придуман способ сохранности денег, это называется горячее хранение и холодное хранение.

«Холодное хранение» (Cold Storage) означает Биткоин-кошелёк, функционирующий в режиме оффлайн, т.е. Биткоин-кошелёк, который не имеет подключения к Интернету. «Холодное хранение» помогает защитить хранимую виртуальную валюту от взлома (хакерских атак) и кражи [4].

«Горячее хранение» (Hot Storage) означает Биткоин-кошелёк, функционирующий в режиме онлайн. Поскольку в этом случае кошелёк подключён к Интернету, «горячее хранение» более уязвимо к взлому (хакерским атакам)/ краже, нежели «холодное хранение» [4].

Т.е. при правильном использовании никакие хакерские атаки не угрожают краже средств с государственного бюджета. Естественно при переводе денег мы будем использовать горячее хранение, а сразу же после перевода и получения, переносим в режим холодного хранения.

На сегодняшний день Криптовалюту используют как уникальных инструмент хранения своих активов, а перевод осуществляется с минимальными процентами. В случае с Россией, те высокопоставленные государственные служащие, которые хранили свои деньги в Криптовалюте, их деньги не попали под санкции, так как деятельность Криптовалюты децентрализованная, никто данным процессом не руководит.

Хотя на основе блокчейна существует криптовалюта, отмыть деньги на нем невозможно. Отмывание денег необходимо пояснить на примере биткоина, так как это самая популярная криптовалюта в мире, на основе которой отмывают деньги, а также благодаря нее блокчейн получил вторую жизнь.

Самый основной способ отмывания это Анонимайзер. Анонимайзер (Anonymiser) означает инструменты и сервисы, такие, как «миксеры» (mixers), предназначенные для сокрытия источника биткоин-операций и содействия обеспечению анонимности. Примерами являются: сеть Tor (анонимная сеть), Bitcoin Laundry («миксер») [4].

«Миксер» (Mixer) (сервис по отмыванию, «смеситель») является одним из видов анонимайзера, который обеспечивает сокрытие цепочки операций в цепочке блоков путем привязывания всех операций к одному и тому же биткоин-адресу, и, посылая их всех вместе таким образом, что создаётся впечатление, что они направлены с другого адреса. «Миксер» или «смеситель» направляет операции посредством сложной серии квази-произвольных фиктивных операций, что чрезвычайно затрудняет привязку конкретных виртуальных денег (адресов) к конкретной операции. Сервисы «миксеров» работают, получая распоряжение от пользователя на отправку денежных средств по конкретному биткоин-адресу. После этого «миксер» «смешивает» эту операцию с операциями других пользователей таким образом, что становится неясно, кому пользователь намеревается направить денежные средства. Примерами сервисов «миксеров» являются: Bitmixer.io; SharedCoin; Blockchain.info; Bitcoin Laundry; Bitlaunder; Easycoin [4].

Сеть Tor (изначально называлась «The Onion Router») является анонимной распределённой сетью компьютеров в Интернете, которая скрывает истинные IP-адреса (адреса сетевых протоколов) и, следовательно, личности пользователей сети путём маршрутизации связи/операций через большое количество компьютеров, расположенных по всему миру, и неоднократно кодируя их. Сеть Tor чрезвычайно затрудняет задачу установления физического местонахождения компьютеров, на которых размещены или через которые осуществляется доступ к вебсайтам в сети. Эта задача может быть дополнительно затруднена за счёт использования дополнительных «смесителей» или анонимайзеров в сети Tor [4].

Но все эти операции осуществляются за счет смешения IP-адреса. Но как я описывала структуру Блокчейн. Блокчейн не имеет IP-адрес, что говорит о невозможности отмывания денег посредством Анонимайзеров, так как я описывала ранее, они отмывают посредством смешения IP-адресов. А у Блокчейна отсутствует IP-адрес.

И если внедрить Блокчейн как основу финансовой системы, тогда попросить денег у государства на финансирование и ненадлежащим образом вывести ее часть не получилось бы, ведь все переводы денег будут видны и прозрачны.

У блокчейна нет владельца и нет управления, блоки распределяются между всеми пользователями в сети, для появления одного блока требуется подтверждения из нескольких источниках. Что бы перевести деньги эту операцию должны подтвердить несколько совершенно недоступных пользователей, при этом никто из них не будет главным подтверждающим, и таким образом в блокчейне практически невозможна такая ситуация, когда данные станут недоступны из-за падения сервиса или DDoS-атаки.

Эта технология давно используется не только для обмена криптовалютой или создания NFT, но также и в государственном и муниципальном управлении. Вот лишь несколько примеров:

Эстония: электронное голосование и электронная система здравоохранения.

Китай: Китайская центральная банковская система использует блокчейн для обработки и хранения данных о транзакциях [5].

ОАЭ (в частности, Дубай): умный город

В 2016 году офис Smart Dubai представил стратегию Blockchain. Используя эту технологию, предприниматели и девелоперы смогут связаться с инвесторами и ведущими компаниями. Цель состоит в том, чтобы внедрить систему на основе блокчейна, которая будет способствовать развитию различных отраслей промышленности, чтобы сделать Дубай «самым счастливым городом в мире» [5].

Так же в Дубае правительство запустило инициативу Dubai Blockchain Strategy, которая нацелена на использование блокчейн в государственных услугах.

Швейцария: Швейцарский Национальный Банк проводит исследования в области цифровых валют и технологии блокчейн [5].

США: Национальная ассоциация семейственного землепользования (National Association of Realtors) использует блокчейн для упрощения процесса передачи прав на недвижимость [5].

Это только некоторые примеры применения блокчейн в государственном секторе, но можно с уверенностью сказать, что число таких примеров будет расти.

В январе 2017 года Всемирная продовольственная программа ООН запустила проект под названием «Гуманитарная помощь». Проект был разработан в сельских районах региона Синд в Пакистане. Используя технологию Blockchain, бенефициары получали деньги, еду, а все виды транзакций регистрируются в блокчейне, чтобы обеспечить безопасность и прозрачность этого процесса [5].

Но пока ни одна страна в мире не вводила Блокчейн как основу финансовой системы. Соответственно, если Казахстан внедрит блокчейн, как основу финансовой системы, на основе предлагаемого мною проекта «ҚАЗЫНА», Казахстан станет первой страной в мире которая внедрила полную прозрачность, в финансовую систему страны.

Список использованной литературы:

1. Балашова А., Дергачев В., Коломыченко М., Парфентьева И. РБК (статья: Биткоин и блокчейн). [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://trends.rbc.ru/trends/industry/5f05c0a79a7947aacc5c7577a> (дата обращения: 13.02.2018).
2. Кабаш А. (статья: Что такое блокчейн? Архитектура, принцип работы и применение). [Электронный ресурс]. Режим доступа: coins-review.com/chto-takoe-blockchain/.
3. Учебное пособие по блокчейну: изучите технологию блокчейн (примеры). Автор: Барбара Томпсон. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.guru99.com/ru/blockchain-tutorial.html>.
4. Отчет ФАТФ виртуальные валюты. Группа разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег (ФАТФ). [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://amlfincrime.com/ru/virtual-currencies.php#>.
5. Федорук Е. (статья: Какие страны применяют технологию блокчейн на государственном уровне?). [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://dzen.ru/a/ZES5XfwDv3o6WnlB> (дата обращения: 24.04.2023).

УДК 342.5

Әшімов Ә. Т.¹, Ильясова Б. Қ.²

¹Қонаев университетінің 2 курс магистранты
e-mail: ali2001@mail.ru

²Қонаев университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: baxonya_2775@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесінің дамуы кезеңдері қарастырылып, зерттеледі.

Қазақстан Республикасында жергілікті өкілді органдардың қалыптасуы мен құқықтық мәртебесінің даму тарихын 1990 жылдың 25 қазанынан бастап қарауға болады. Бір жылдан кейін – 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы»

Декларацияда бекітілген Қазақстанның егемендігінің бастапқы идеялары мен қағидаларын кеңейтіп, нақтылай түскен, егемен еліміздің атауының Қазақстан Республикасы болып өзгертілгеннен кейінгі қабылданған бірінші құжаты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы дүниеге келді. Аталмыш екі басты құжатта халық билігін жүзеге асырудың тікелей және жанама (өкілді) нысандарының бекітілуі өз кезегінде алдағы уақытта жалпы өкілдік билік институтын реттеудің фундаменти, пәрменді құралы болды. Жалпы, бұл актілер Республикамыздың жаңа Конституциясын қабылдаудың, оның негізінде жаңа құқықтық жүйені қалыптастырудың негізін қалады, тиісінше республикамызда көптеген басқарушылық, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік т.б. шаралардың, институттардың орнығуы мен қалыптасуына бастама болды. Бұл құжаттарда қоғамның маңызды салалары үшін негіз болған фундаменттік, қағидаттық ережелер бекітілді. Олай болса, мемлекеттік егемендігі туралы Декларация мен мемлекеттік тәуелсіздік туралы заң егемен де тәуелсіз Қазақстанның құқықтық, демократиялық мемлекет бағытында дамуында маңызды белес болды.

Кілт сөздер: Мемлекет, Конституция, Егемен Қазақстан, билік, құқық, заң, мәртебе, атқарушы органдар, жергілікті өкілді органдар, даму, тарих, мәслихат.

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ ПРАВОВОГО СТАТУСА МЕСТНЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматриваются и исследуются этапы развития правового статуса местных государственных органов в Республике Казахстан.

Историю становления и развития правового статуса местных представительных органов в Республике Казахстан можно рассматривать с 25 октября 1990 года. Год спустя 16 декабря 1991 года родился конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан», первый документ суверенной страны, принятый после переименования в Республику Казахстан, расширивший и конкретизировавший первоначальные идеи и принципы суверенитета Казахстана, закрепленные в декларации «О государственном суверенитете Казахской ССР». Закрепление прямых и косвенных (представительных) форм осуществления власти народа в двух главных документах, в свою очередь, стало в дальнейшем фундаментальным, действенным инструментом регулирования института общей представительной власти. В целом эти акты легли в основу принятия новой Конституции Республики, формирования на ее основе новой правовой системы, соответственно, послужили началом становления и становления многих управленческих, правовых, экономических, социальных и др. мер, институтов в республике. В этих документах закреплены фундаментальные, принципиальные положения, послужившие основой для важнейших сфер общества. Таким образом, Декларация о государственном суверенитете и закон «О государственной независимости» стали важной вехой в развитии суверенного и независимого Казахстана в направлении правового, демократического государства.

Ключевые слова: Государство, Конституция, суверенный Казахстан, власть, право, закон, статус, исполнительные органы, местные представительные органы, развитие, история, маслихат.

STAGES OF DEVELOPMENT OF THE LEGAL STATUS OF LOCAL STATE BODIES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines and examines the stages of development of the legal status of local state bodies in the Republic of Kazakhstan.

You can get acquainted with the history of the formation and development of the legal status of local representative bodies in the Republic of Kazakhstan since October 25, 1990. A year later-

on December 16, 1991, the constitutional law "on state independence of the Republic of Kazakhstan» was born, the first document adopted after the name of the sovereign country was changed to the Republic of Kazakhstan, which expanded and clarified the original ideas and principles of sovereignty of Kazakhstan enshrined in the Declaration «on state sovereignty of the Kazakh SSR».. In these two main documents, the establishment of direct and indirect (representative) forms of exercise of popular power, in turn, became the basis, an effective tool for further regulation of the institution of Representative power as a whole. In general, these acts laid the foundation for the adoption of the new Constitution of our Republic, the formation of a new legal system on its basis and, accordingly, initiated the creation and formation of many managerial, legal, economic, social, etc. events, institutions in our republic. These documents established fundamental, fundamental provisions that served as the basis for the most important sectors of society. Thus, the Declaration of state sovereignty and the law on state independence became an important stage in the development of sovereign and independent Kazakhstan in the direction of a legal, democratic state.

Key words: state, Constitution, sovereign Kazakhstan, power, Law, Law, status, executive bodies, local representative bodies, development, history, maslikhat.

Егемен Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органдарының қалыптасуы мен даму тарихы атап кеткеніміздей еліміздің егемендік алып, тәуелсіздігін жариялауынан басталғанымен, оның түп тамыры оған дейінгі заманда жайылған. Бұл жайында белгілі ғалым Жанузакова Л.Т. мынадай ой толғайды: «жергілікті өкілді органдардың кеңестік кезеңде пайда болуының тарихи тамырларын зерттемей жергілікті биліктің мәнін, жергілікті жерлерде билікті құруға және мәслихаттарды бүгінгі кейіпте орнықтыруға алып келген негізді түсіну мүмкін болмайды. Біздің еліміздің нақ осы КСРО құрамында болу кезеңінде биліктің жергілікті органдары жүйесінің қызмет етуінің негіздері қаланды» [1, 21 б.]. Сол себепті де жұмысымыздың негізгі бағыты – егемен Қазақстан Республикасында жергілікті өкілді биліктің қалыптасуы мен құқықтық мәртебесінің орнығуы мәселесі болып табылатындықтан біз кеңес заманында жергілікті өкілді биліктің дамуына жалпы түрде, тек негіздеріне ғана тоқталамыз.

Қазіргі Қазақстанның жергілікті өкілді органының мәртебесінің қалыптасуы мен дамуына талдауды жетпісінші жылдардың аяғынан, яғни КСРО-ның Конституциясы негізінде Қазақ ССР-інің соңғы Конституциясының қабылдануынан бастаймыз. Содан бері 30 жылдан астам уақыт аралығында қалыптасып, дамып келе жатқан жергілікті өкілді органдардың дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырамыз. Әрбір кезең жергілікті өкілді органдардың дамуының өзгешелігімен, құқықтық мәртебесінің реформаланып, жетілдірілуімен сипатталады.

Бірінші кезең – кеңес өкіметінің соңғы жылдары (80 жылдары) мен егемен еліміздің қалыптасуының алғашқы уақыты аралығындағы кезең. Бұл кезең Қазақ Советтік Социалистік Республиканың соңғы Конституциясын қабылдаудан басталып тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуымен аяқталады. Бұл уақыт аралығы жарты ғасырдан астам өмір сүрген кеңестік органдардың қызметінің өрлеуінің жоғарғы шыңы кезеңі болды. Одан кейін олардың құлдырау кезеңі басталғаны белгілі.

Кеңестік Конституция жергілікті кеңестердің нақты аумақ көлемінде толық билікті орган болғандығын көрсетеді. Тиісінше өз аумағында жергілікті кеңестердің толық билігі, саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі рөлі жоғары болды. Кеңестердің толық билігі конституциялық деңгейде бекітілгенімен оның тек аңыз, арман қалыпта болғаны бүгінде бәріне аян. Біріншіден, кеңестердің толық билігінің орнына іс жүзінде кеңестерге үстемдік жүргізген атқарушы органдарының басымдылығы орнады. Екіншіден, кеңестер мен олардың атқарушы органдарының билігін партия, дәлірек айтқанда, оның басшы органдары толығымен өз қолына алды... Сөйтіп, халық қалаулыларынан құралған кеңестік жүйе ақыры биліксіздікке ұрынып, партиялық

үстемдіктің сыртқы демократиялық әшекейіне айналды [2]. Қазақ ССР-інің 1978 жылғы Конституциясы қабылданғаннан кейінгі кезең республика заңнамасын жаңартумен сипатталады. Тиісінше, жаңа Конституцияның негізінде жергілікті өкілді билікті реформалаған бірқатар актілер қабылданды. Нақты айтсақ, 1978-1991 жылдар аралығында жергілікті өкілді билікке қатысты келесідей біршама актілер тобы жарық көрді:

- «Қазақ ССР халық депутаттарының аудандық Советі туралы» заң (14.12.1979 ж.);
- «Қазақ ССР халық депутаттарының қалалық, қаладағы аудандық Советі туралы» (14.12.1979 ж.);
- «Қазақ ССР халық депутаттарының облыстық Советі туралы» заң (13.11.1980 ж.);
- «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауы туралы» заң (22.09.1989 ж.);
- «Қазақ ССР-індегі халық депутаттарының статусы туралы» заң (13.11.1990 ж.);
- «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советінің депутатын кері шақырып алу тәртібі туралы» заң (06.12.1990 ж.);
- «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтерінің тұрақты комиссиялары туралы» заң (17.06.1991 ж.); [3, 194 б.]

Сол тұста қабылданған жергілікті кеңестердің мәртебесі мен қызметіне қатысты актілер тізімі аталмыш заңдармен тиянақталмайды. Олардан басқа да бірқатар актілер қабылданған болатын. Мысалы, сайлаушылардың аманаттарымен жұмысты ұйымдастыру туралы, аталған заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде, т.б. Жоғарыда келтірілген актілердің негізінде Қазақстанда жергілікті өкілді органдар – жергілікті кеңестер барлық дерлік әкімшілік-аумақтық бірліктерде құрылды. Нақты айтсақ, жергілікті кеңестердің құрылу және қызмет ету аумағы ауыл және селодан бастап поселке, қала, аудан, қаладағы аудан, облыс деңгейлерін қамтыды. Бұл өз кезегінде теориялық тұрғыда бүкіл халықтың (жергілікті деңгейлерді қоса) мемлекеттік құрылыстың, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени құрылыстың барлық салаларына қатысуын қамтамасыз ететін болды. Олар Қазақ ССР-інің жасы 18-ге толған азаматтарымен екі жарым жыл мерзімге сайланатын депутаттардан құралды.

1990 жылы 9 сәуірде жергілікті кеңестердің құқықтық мәртебесінің өзгеруі бағытында жасалған алғашқы қадамның бірі – «КСРО-дағы жергілікті өзін-өзі басқару мен жергілікті экономиканың жалпы принциптері туралы» деп аталатын КСРО заңы қабылданды. Бұл заң қабылданғаннан кейін 10 ай өткен соң жергілікті кеңестер жергілікті өзін-өзі басқару органының мәртебесін иеленді. 9 сәуірдегі КСРО заңы жергілікті кеңестерді өзін-өзі басқару органы ретінде тану үшін негіздер жасады. Яғни ол жергілікті өзін-өзі басқаруды танып, оның стратегиялық бағыттарын анықтады, биліктің орталық және жергілікті органдары арасында ара қатынасты белгіледі, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі қатынастарды реттейтін шешімдер қабылдау мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органдарының құзыретін шектеді және жергілікті өзін-өзі басқару ісіне ведомствалық араласуды тоқтатты. Атап кеткеніміздей бұл КСРО заңы 1991 жылы 15 ақпанда «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» заңның қабылдануына негіз қалады. Бұл заң қабылданардан 4 айдай бұрын ҚазССР-ң мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы қабылданды. Бұл тарихи құжат асқан шыңына жеткен партияның өктемдігі мен тоталитарлық биліктің шексіздігін еңсеруге бағытталған демократиялық жаңғырулардың негізгі бір нәтижесі болды. 1990 жылдың 25 қазанында ҚазССР-ң мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданып, бұл тарихи құжат Қазақстанның ендігі жерде Республиканың мемлекеттік өкімет билігін ұйымдастыруда егемен болып табылатындығына негіз берді. Қазіргі Қазақстанның өкілді органдарының дамуының алғашқы кезеңі болып саналатын жергілікті кеңестер жүйесін реформалау нақ осы кезеңнен басталады, - деп жазады ғалым Л.Т. Жанузакова [1, 26 б.]. Бұл уақыт кезеңінде саяси жүйеге, кеңестер жүйесіне өзгерістер енгізген ҚазССР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 10-ға жуық заңдар

қабылданды. Бұл заңдармен жергілікті өкілді органдардың ұйымдастырылуы мен қызмет етуіне байланысты келесідей басты өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

1) барлық деңгейдегі жергілікті кеңесте үшін 1 жыл ішінде өткізілетін сессия шақырылымы бір ортақ жүйеге келтірілді. Нақты айтсақ, жергілікті кеңестердің сессиялары бұрынғыдай облыстық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық советтер үшін жылына кемінде 4 рет, ал қалғандары үшін жылына кемінде 6 рет емес барлығына бірдей жылына кемінде төрт рет шақырылатын болды;

2) халық депутаттарының кеңестері өкілетті (өкілді) орган мәртебесін иеленді. Өзгертулерге дейін халық депутаттарының кеңестері мемлекеттік өкімет органдарының біртұтас жүйесін құраса, ендігі жерде олар мемлекеттік өкіметтің өкілеттігі, яғни өкілді органдары жүйесін құрайтын болды;

3) өкілді органдардың, айта кететіні барлық деңгейдегі кеңестердің өкілеттік мерзімі 5 жыл болып орнықты. Оған дейін жергілікті кеңестердің өкілеттік мерзімі екі жылды құрайтын еді;

а) тиісті халық депутаттарының жергілікті кеңестерімен сайланатын кеңестердің төрағалары лауазымы енгізілді;

б) кеңестердің президиумдары құрылды. Алайда ол барлық деңгейдегі кеңестерде құрылған жоқ. Жергілікті кеңестердің президиумдары қалалық (аудандық бағыныстағы қалалар), поселкелік, селолық, ауылдық советтерде құрылмады;

4) жергілікті кеңестерге сайлау жүйесі өзгерді, нақты айтсақ:

а) депутаттар сайлауының бір мандатты сайлау округі бойынша өткізілетіндігі бекітілді;

б) депутаттарды сайлаудың тікелей емес жолдары енгізілді. Қоғамдық ұйымдардың өкілеттігін қамтамасыз ету мақсатымен Қазақ ССР халық депутаттарының төрттен бір бөлігі қоғамдық ұйымдардан, олардың съездерінде, конференцияларында не республикалық органдарының пленумдарында оның делегаттарымен не қатысушыларымен сайланатын болды;

в) депутаттыққа кандидаттар ұсыну жолдары кеңейді және кандидаттардың санына шек қойылмайтын болды. Кандидаттарды ұсыну құқығы оған дейінгідей нақты бір қоғамдық ұйымдарға емес, жалпы қоғамдық ұйымдарға, еңбек ұжымдарына, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушылары ұжымдарына, әскери қызметшілер жиналысына, ең бастысы сайлаушылар жиналыстарына берілді;

5) халық депутаттарының кеңестерінің төрағасы лауазымы мен президиумның құрылуына орай тиісті жергілікті кеңестердің жұмысын ұйымдастыру атқару комитеттерінен алынып, облыстық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық деңгейде кеңестердің президиумына, қалған деңгейлерде тиісті кеңестердің төрағаларына көшті. Кейінірек Қазақ ССР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы 15.02.1991 жылғы заң бойынша халық депутаттары жергілікті кеңестерінің жұмысын ұйымдастыру өкілеттігі кеңестердің төрағаларына берілді.

б) қызметі депутаттық мандатты атқарумен сыйыспайтын адамдар шегі анықталды. Олардың саны – шамамен 10 болды:

- министрлер советінің құрамына кіретін адамдар;
- кеңестердің атқару комитеттерінің құрамына кіретін адамдар (осы органдардың төрағаларынан басқалары);
- ведомстволардың басшылары;
- министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшыларының орынбасарлары;
- жергілікті кеңестердің атқару комитеттері бөлімдерінің, басқармаларының, басқа да бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары;
- судьялар мен мемлекеттік арбитрлер.

Бұл аталған тұлғалар өздерін тағайындаған, сайлаған немесе өзі есепті болатын кеңестерге депутат бола алмайтын болды.

7) халық депутаттарының кеңестері сайлайтын немесе тағайындайтын лауазымды адамдар өз қызметтерін екі мерзімнен астам атқара алмайтындығы бекітілді;

8) Қазақ ССР Президентіне халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық кеңестерінің төрағаларын атқаратын қызметінен мерзімінен бұрын босату құқығы берілді;

Аталмыш заң жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіне жергілікті кеңестерді енгізе отырып оның аумақтық негізін анықтады. Заңға сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқарудың ауыл, село, поселке, қала, қаладағы аудан, аудан аумағында жүзеге асырылатындығы бекітілді [3, 205 б.]. Тиісінше бұл ереже кеңестердің жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде жоғарыда түзілген әкімшілік-аумақтық бірліктерде ғана қызмет еткенін көрсетеді. Байқап отырғанымыздай, қосарлық сипатын облыстық кеңестер иеленген жоқ. Себебі, олар жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне кірген жоқ. Заң бойынша «облыстық кеңестер мемлекеттік өкіметтің өкілетті органы болып табылады, ол өз аумағындағы аудандық және қалалық кеңестердің жұмысын біріктіріп, үйлестіріп отырады, аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын олар аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Кеңестер арқылы жүзеге асырады» деп реттелді [4].

1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. 6 күннен кейін еліміздің тәуелсіздігін паш еткен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы ҚР-ның бірінші конституциялық заңы қабылданды. ҚазақКСР-ң атауы өзгертіліп, мемлекеттік тәуелсіздік туралы заңның қабылданылуымен Қазақстанда жергілікті өкілді органның дамуының бірінші кезеңі аяқталып, келесі – екінші кезеңі басталды. Жоғарыда баяндалғандардан байқағанымыз, бірінші кезең өкілді билік жүйесінің формальдық тұрғыда даму кемеліне жетіп, оның құлдырауының басталуы кезеңі болды. Саяси жүйені демократияландырудың, билік құрылымын реформалаудың, билікті орталықсыздандыру мен өкілді халық билігін ұйымдастырудың сапалы түрде жаңа, алғашқы құқықтық негіздері осы кезеңде жасалды, келесі кезеңдерде олар жетілдіріліп, дамытылды.

Қазақстанда жергілікті өкілді органдардың дамуының екінші кезеңінің алғашқы тұсында – 1992 жылы кезек-кезегімен үш акт қабылданды. Оның екеуі бір күнде – 1992 жылы 13 қаңтарда қабылданған «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» 15 ақпан 1991 жылғы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң мен «Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының (Негізгі заңының) жекелеген нормаларын тоқтату туралы» заң еді, сәл кейінірек араға бір ай салмай (7 ақпанда) үшінші акт – «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару органдарының қызметі мен ұйымдастырылуын жетілдіру туралы» ҚР Президентінің жарлығы қабылданды. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» 15 ақпан 1991 жылғы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заңның Қазақстанда жергілікті өкілді органның мәртебесінің нақтыланып, дамуына қосқан үлес зор болды. Жергілікті жерлерде атқару билігі реформаланып, нәтижесінде оған дейін қызмет етіп келген кеңестердің атқару комитеттері таратылып жаңа институт – жергілікті әкім, жергілікті әкімнің орынбасарлары лауазымдары енгізіліп, жергілікті әкімшілік алқасы, әкімшілік органдары құрылды. Заң бойынша жергілікті атқарушы орган ретінде әкім танылды. Әкім кеңестің қарауындағы мәселелер бойынша тиісті кеңестің бақылауында болатын облыс, аудан, қала, қаладағы аудан аумағындағы атқарушы және өкімші орган мәртебесін иеленеді [5, 3-6 б.]. 1992 жылдың 13 қаңтарында тағы да бір тарихи құжат – «Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының (Негізгі заңының) жекелеген нормаларын тоқтату туралы» ҚР заңы қабылданды. Бұл заң өтпелі кезеңде мемлекеттік өкімет пен басқарудың жергілікті органдары жүйесі мен өкілеттігінің өзгеруіне байланысты қабылданған болатын.

Бұл заң халық депутаттары жергілікті кеңестерінің атқарушы және өкімші органдарды құруын белгілейтін, жергілікті кеңестердің өз аумағында мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени құрылысқа басшылық жасауын реттейтін Конституция нормаларының күшін тоқтатып, халық депутаттары жергілікті кеңестерінің атқару комитеттері туралы 7 баптан тұратын толықтай 1 тараудың күшін жойды. Бұл өз кезегінде жергілікті кеңестердің өкілеттіктерінің азая, шектеле бастағанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанузакова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в Республике Казахстан. Дисс... докт. юр. наук.: 12.01.02. - Алматы, 2004. - 319 с.
2. Местное управление в Республике Казахстан: попытка создания национальной модели. Ювица Н.В. д-р экон. наук, профессор, академик РАЕ, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан (Астана), Республика Казахстан e-mail: juwmet@yandex.ru <file:///C:/Users/User/Downloads/156-251-1-SM.pdf>
3. Сафинов К.Б. Правительство Республики Казахстан на переходном этапе / Под ред. Зиманова С.З. - Алматы: Юрист, 2002. - 548 с.
4. Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы Күшін жойған Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 10 желтоқсан N 4100. (Күші жойылды) - Қазақстан Республикасының 2001.05.08. N 198 Заңымен. ~ Z010198 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100>
5. Копабаев О.К. Конституционный закон: понятие и предмет регулирования // Конституция Республики Казахстан и актуальные проблемы юридической науки: материалы международной научно - практической конференции. - Алматы, 1997. - С. 3-6.

УДК 342.56

Байсалова Г.Т.¹, Жаманбай Ж. А.²

¹Қонаев университеті

e-mail: gulzira_06041967@mail.ru

²Қонаев университетінің 2 курс магистранты

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: zhayik_0203@mail.ru

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ СОТ БИЛІГІНІҢ РӨЛІ

Андатпа. Осы еңбекте де сот адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау органы ретінде қаралады. Өйткені аталмыш қызмет, әсіресе құқықтық мемлекет құру шарттарында (жағдайларында) сот органдарының барлық қызметтерінде басым болуы тиіс. Нақ осы сот дауларды шешу арқылы заңдылық режимін қолдайды және нығайтады, билік (өкімет) және басқару органдарын заң белгіленген құзыреттері аясынан шығармай ұстап отырады. Қоғамның судьяларға және олардың құқықтық санасының ықпалы мен сот органдары қызметінің қоғамдық қатынастарға кері ықпалы, автордың пікірі бойынша тек экономикалық жағдайға ғана емес, сонымен бірге әр мемлекеттің саяси дамуына да байланысты болады. Судьялар сайланатын және алмастырылатын елдерде саяси комбинациялар мен әлеуметтік органдың ықпалы салдарының болмай қоймайтын жалпы жұртқа танылған жәйт.

Зерттеушілер теория жүзінде соттардың тәуелсіздігі, саяси тұрақтылықпен, адам құқықтарына деген құрметпен және аталмыш мемлекеттің демократиялық институттарының тіршілік қабылетімен тығыз байланысты екендігін бірауыздан қолдайды. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, мемлекет ең алдымен ішкі рәсімдер мен механизмдерді пайдаланады және адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекет ішіндегі қорғау құрылымының қаншалықты дамығандығынан қарай, олардың қызыметінің тиімділігі де соған қатысты болады.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, қоғам, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, Конституция, заң, билік, халық, сот, сот жүйесі, судья.

РОЛЬ СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ В ПОСТРОЕНИИ ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА

Аннотация. В этом труде суд рассматривается как орган защиты прав и свобод человека. Ведь данная деятельность должна преобладать во всех службах судебных органов, особенно в условиях создания правового государства. Именно суд поддерживает и укрепляет режим законности путем разрешения споров, поддерживает органы власти и управления в пределах установленных законом компетенций. Влияние общества на судей и их правосознание и негативное влияние деятельности судебных органов на общественные отношения, по мнению автора, зависит не только от экономической ситуации, но и от политического развития каждого государства. В странах, где избираются и заменяются судьи, общепризнано, что последствия влияния политических комбинаций и социальной среды неизбежны.

Исследователи единодушно поддерживают, что теоретически независимость судов тесно связана с политической стабильностью, уважением к правам человека и жизненной силой демократических институтов данного государства. В целях защиты прав и свобод человека, государство в первую очередь использует внутренние процедуры и механизмы, и в зависимости от того, насколько развита структура внутригосударственной защиты прав и свобод человека, от этого зависит и эффективность их деятельности.

Ключевые слова: Республика Казахстан, общество, правовое государство, гражданское общество, Конституция, закон, власть, народ, суд, судебная система, судья.

THE ROLE OF THE JUDICIARY IN CREATING A RULE OF LAW

Abstract. In this work, the court is considered as an organ for the protection of human rights and freedoms. After all, this activity should prevail in all judicial services, especially in the context of the creation of a State governed by the rule of law. It is the court that supports and strengthens the rule of law by resolving disputes, and supports authorities and management within the limits of the competencies established by law. The influence of society on judges and their legal awareness and the negative impact of the activities of judicial bodies on public relations, according to the author, depends not only on the economic situation, but also on the political development of each state. In countries where judges are elected and replaced, it is generally recognized that the effects of political combinations and the social environment are inevitable.

Researchers unanimously support that, theoretically, the independence of the courts is closely linked to political stability, respect for human rights and the vitality of democratic institutions in a given State. In order to protect human rights and freedoms, the State primarily uses internal procedures and mechanisms, and depending on how well the structure of domestic protection of human rights and freedoms is developed, the effectiveness of their activities depends on this.

Key words: Republic of Kazakhstan, society, rule of law, civil society, Constitution, Law, power, people, Court, judicial system, judge.

Азаматтық қоғамның негізгі белгілері экономика, саясат және рухани болмыс арқылы ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында былай делінген: «Қазақстанның сот жүйесі тұтас алғанда азаматтардың құқықтары мен бостандығының, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің сотта тиімді қорғалуын қамтамасыз етудің қажеттіліктеріне сай келеді [1].

Сот-құқық жүйесін дамыту сабақтастық және кезеңділік негізінде жүзеге асырылады және мынадай бағыттарды көздейді.

Оны дамытудың негізгі арқауы соттар мен судьяларды мамандандыру, оның ішінде ювеналдық соттарды дамыту, қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құру болып табылады, келешекте салық соттары және басқа да мамандандырылған соттар құрылуы мүмкін.

Алдағы уақытта қазіргі әкімшілік соттар базасында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жалпы құзырлы соттардың ведомстволық бағынысына беретін, жариялық құқықтық дауларды қарайтын әкімшілік әділет жүйесін құру қажет.

Сот жүйесінің жетілдіру нәтижесінде түрлі сот инстанциялары функцияларының қосарлануы жойылуға тиіс.

Негізгі заңға сәйкес судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады. Сот актісі соттағы дауласушы тараптар арасында жаңа жанжалдарды тудырмай, дау-дамайды барынша шектеуі тиіс.

Сот жүйесінің даму перспективасы сотқа дейінгі іс жүргізудегі сот бақылауының шегін кезең-кезеңімен кеңейту мүмкіндігімен де байланысты болмақ.

Аралық және төрелік соттар жүйелері дамитын болады.

Қоғам сот билігінің қызметін толық, объективті және бейтарап жария етілуіне мүдделі. Осы мақсатта халықтың сот қызметі туралы ақпаратқа барынша қол жеткізуін ұсыну арқылы сот жүйесінің ашықтығы мен айқындылығы деңгейін арттыру қажет.

Сот ақпаратын тіркеудің заманға сай құралдарын енгізу сот ісінде бәсекелестік принципін іске асыруға ықпал етеді. Сот жүйесін жоспарлы түрде ақпараттандыру сот төрелігін іске асыру процесінде жедел ақпараттық-құқықтық қолдауды қамтамасыз етуге, істерді қарау тәртібін жеңілдетуге және мерзімдерін қысқартуға, сот шешімінің орындалу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сот кадрларын іріктеу тәртібін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар қажет, бұл ретте судьялардың кәсібилігі мен биік адамгершілік қасиеттері - сапалы судьялар корпусын қалыптастырудың негізі болып табылатындықтан, судьяға үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қатаңдату мәселесі өзекті болып табылады. Сот қауымдастығының өз тарапынан да судьялардың Судья әдеби кодексінің талаптарын сақтауына қатаң бақылау, жол берілген барлық жөнсіздіктерге барабар әрі шұғыл әрекет етуі қажет.

Судья тәуелсіздігі кепілдіктерін орнықтыру үшін соттарды қаржыландыру және судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету «сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс» дейтін Конституция талаптарының толыққанды іске асырылуы маңызды мәселе болып қала беруде, бұл мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, судьялардың әлеуметтік қорғалуы және соттардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі деңгейін кезең-кезеңмен көтеруді көздейді.

Сонымен қатар сот төрелігін іске асыруға араласқаны үшін, сотқа құрмет көрсетпегені үшін кінәлі адамдар заңда белгіленген жауапқа тартылуға тиіс.

Сот ісін жүргізудің аяқтау сатысы сот актілерін орындау болып табылады, сондықтан олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы қажет. Осыған байланысты мемлекеттік сот орындалуымен қатар жеке сот орындаушыларының институтын енгізу – сот ісін жүргізудің тиімділігін арттырудың маңызды шарасы. Сот

шешімдерін орындаудың аралас моделі шеңберінде мемлекеттік сот орындаушылары мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі құжаттарды мәжбүрлеп орындату құқығына ие болуға тиіс.

Сот актілерін мүлтіксіз орындауға, оның ішінде сот шешімін орындаудан бас тартқаны үшін жауапкершілікті күшейту, борышкерлерге қатысты шектеу шараларын қолдануды одан әрі кеңейту, атқарушылық іс жүргізуге іс жүргізушілік сот бақылауын күшейту арқылы қол жеткізу қажет» [1].

2. Мұра ашылғанға дейін қайтыс болған лайықсыз осы Кодекстің 1045-бабына сәйкес мұра алу құқығын иелене алмайтын мұрагердің ұрпақтары өкілділік құқығы бойынша мұрагер болмайды.

Мұра қалдырушының кәмелет жасқа толмаған балалары барлық жағдайда мұраның міндетті үлесіне ие, яғни ол оқып жүргені немесе жұмыс істеп жүргеніне байланысты емес, сонымен қатар неке жасына жеткен жағдайда да міндетті үлеске ие бола алады. Мысалы, мұра қалдырушы өзінің пәтерін 2 тең үлесте ағасы мен әпкесіне өсиет етті. Пәтер жекешелендіру шартымен алынған. Оның мұрагерлік ететін бұдан басқа мүлкі жоқ. Мұраны ашу кезінде мұра қалдырушының елу сегіз жастағы әйелі мен кәмелет жастағы еңбекке жарамсыз баласы қалған. Бұл жағдайда міндетті үлес мұра қалдырушының баласы мен әйелінің пайдасына беріледі, өйткені ҚР-ның АҚ-нің баптарына сәйкес, бұл мұрагер 1 кезектегі болып табылады, ал мұра қалдырушының ағасы мен әпкесі 2 кезектегі мұрагерлер болып табылғандықтан, олар 1 кезектегі мұрагерлермен мұрагерлік құқықтық қатынаста болмайды.

Әйелінің міндетті үлесі үлестен саналады, әйелі мен баласы заңды мұрагерлері болғандықтан тең үлесте мұралық етеді.

Сонымен, әйелі $2/3$ үлестің $1/2$ алады, яғни $2/6$ немесе $1/3$ үлесіне ие бола алады. Мұралық мүліктің $1/2$ үлесіне өсиет бойынша мұрагерлік құқық туралы куәлік береді.

Мұрагердің мұрадағы міндетті үлесіне құқығы, мұраның ашылған күнінен бастап есептелетінін соттар ескеруі керек.

Мұра қалдырушыға ҚР-ның АҚ-нің 1069 бабымен өсиет ету еркіне мынадай тежеу көрсетілген: кәмелетке толмаған немесе еңбекке қабілетсіз балалары, оның ішінде асырап алған балалары, еңбекке қабілетсіз ері-зайыбы, ата-аналары (бала асырап алушылары) өсиеттің мазмұны қандай болса да, олардың әрқайсысы заң бойынша мұрагер болғанда өзіне тиісті мұраның кемінде жарты мөлшеріне ие болады (міндетті үлес).

Мұндай жағдайды заң мұрагердің міндетті үлеске құқығын оның мұра қалдырушымен бірге тұрғанымен және жалпы шаруашылықты бірге жүргізгенімен байланыстырмайды [3].

Егер міндетті үлеске құқығы бар мұрагер, мұра мүлікті заңда белгіленген тәртіппен қабылдап алмаса, онда мүлік өсиет қалдырған мұрагерге өтеді. Міндетті үлеске құқық мұрагердің жеке өзімен ғана байланысты, сондықтан мұндай мұрагер тиісті мұрасын алуға үлгірмей қайтыс болса, оның міндетті үлес алу құқығы трансмиссия ретінде оның мұрагерлеріне ауыспайды.

Міндетті үлес алатын мұрагердің құқығы бұзылған жағдайда, өсиетпен қалдырылған мұраның тек міндетті үлес бөлігі ғана заңсыз деп танылады. Мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар мұрагер үшін белгіленген кез келген шектеулер мен ауыртпалықтар тек мұраның міндетті үлестен асатын оған көшетін бөлігіне қатысты жарамды болады. Міндетті үлестің мөлшерін анықтағанда соттар мұра болып қалған мүліктердің құнын, оған үй жиһаздары мен бұйымдарын қосқанда, өсиет болмаған кезде заң бойынша, мұрагерлікке шақырылатын барлық мұрагерлерді есептеу керек.

Заң лайықсыз мұрагерлерді мұрадан айырудың тағы бір негізін қарастырады. ҚР-ның АҚ-нің 1045 бабының 6 тармағына сәйкес, ҚР-ның АҚ-нің 1045 баптың ережелері барлық мұрагерлерге, соның ішінде міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлерге де қолданылады, деп көрсетеді. Бұл ережеде міндетті үлестің ерекше субъективтік сипатта екенін көрсетеді, яғни тұлғаның нақты жасқа жеткеніне және мүгедектеріне байланысты пайда болады. ҚР-ның АҚ-нің 1045 бабының 4 тармағына сәйкес, лайықсыз мұрагерлерді мұрагерліктен шеттетуге негіз болатын мән-жайларды сот белгілейді, деп көрсеткен. Яғни, егер мұрагерді лайықсыз деп танылған соттың шешімі болмаған жағдайда мұрагер міндетті үлеске ие бола алады деген сөз [3].

Осыған байланысты көптеген мәселелер туындауы мүмкін. Атап айтсақ, тұлғаның іс-әрекеті лайықсыз тұлғаға тән болса, дегенмен оның мүгедектігіне не болмаса кәмелет

жасқа толмауына байланысты және т.б., лайықсыз мұрагер деп тануға соттың шешімі болған ретте, ол міндетті үлеске мұрагер ретінде мұра қалдырушының мұрасына ие болуы мүмкін. Осы себептер негізінде, біздің ойымызша, азаматтардың мүддесін қорғау және оны қамтамасыз ету мақсатында мұра қалдырушы өз өсиетінде белгілі бір мұрагерді лайықсыз деп тану үшін нотариалдық тәртіппен жасалған құжатқа міндетті түрде осы туралы растайтын адамдардың қолдарын көрсету керек.

Мұрагердің ҚР-ның АҚ-нің 1069 бабына сәйкес, мұра қалдырушының кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары, сондай-ақ оның еңбекке жарамсыз жұбайы мен ата-анасы, өсиеттің мазмұнына қарамастан, заң бойынша мұрагерлік кезінде олардың әрқайсысына тиесілі болатын үлестің (міндетті үлес) кемінде жартысын мұраға алады.

Заң бойынша басқа мұрагер болмаған кезде ҚР-ның АҚ-нің 1068 2-тармағында көрсетілген мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар сегізінші кезектегі мұрагерлер ретінде өз бетінше мұра алады.

Егер мұрагерлік құқық бойынша өзін мұра қалдырушының асырауындағы адаммын деп есептеген тұлға мұрагерлік мүлікке құқықты сұрайтын болса, онда нотариус кемінде бір жыл уақыт бойы оның қайтыс болғанға дейін мұра қалдырушының асырауында болға не болмағандығын, сондай-ақ оның мұра ашылғанға дейін еңбекке жарамды, не жарамсыз болғандығын анықтайды. Оның асырауындағы адамның жасына байланысты еңбекке жарамсыздығы туралы куәлігі, туу туралы куәлік пен денсаулық жағдайына байланысты еңбекке жарамсыздығы бойынша зейнеткерлік кітапша немесе сараптау комиссиясының медициналық куәландыру анықтамасы бойынша тексеріледі.

Заң бойынша мұрагерлер қатарына қайтыс болған адамның ол қайтыс болғанға дейін кемінде 1 жыл бойы қарауында болған еңбекке қабілетсіз адамдар заң бойынша мұрагерлер қатарына жатады. Басқа мұрагерлер бар болған күнде, қайтыс болған адамның қарауында болған, еңбекке қабілетсіз адамдар мұраға ие болуға жол берілетін кезектегі мұрагерлермен тең үлесте мұраға ие болады, ал егер ондай мұрагерлер жоқ болған немесе мұраны қабылдамаған күнде мұраға дербес ие болады.

Егер ата-аналарының мұрагер болуға тиісті біреуі мұра ашылған уақыт қарсаңында тірі болмаса, онда мұра қалдырушының немерелері мен шөберелері заң бойынша мұрагерлері болып табылады. Бұл мұрагерлер олардың өлген ата-анасының заң бойынша мұрагерлері болып табылады және мұрагерлер олардың өлген ата-аналарының заң бойынша мұраға ие болатын мөлшерде тең және бірдей үлеске ие болады.

ҚР-ның АҚ-нің 1068 бабына сәйкес, қайтыс болған адамның ол қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл бойы қарауында болған, еңбекке қабілетсіз адамдар заң бойынша мұрагерлер қатарына жатады [3].

Бұл ретте соттар елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерді, I-ші, II-ші және III-ші топтағы мүгедектерді, оларға қарттығына байланысты зейнетақы немесе мүгедектігіне байланысты жәрдемақы тағайындалғанына, не тағайындалмағанына қарамастан, сондай-ақ он сегіз жасқа толмаған адамдарды, ал он сегіз жастағы және жасы одан асқан оқушыларды күндізгі оқу нысаны бойынша оқу орындарындағы оқуы аяқталғанша, бірақ әрі кеткенде жиырма үш жасқа дейін еңбекке қабілетсіз адамдардың қатарына жатқызуға болатынын назарда ұстаулары қажет. Сонымен қатар, мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кем дегенде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған еңбекке қабілетсіз адамдар заң бойынша мұрагерлер қатарына жатқызылады және мұраны иелену кезегі бойынша шақырылатын мұрагерлермен бірге мұрагерлік құқыққа ие болады.

ҚР-ның АҚ-нің баптарында жазылғандай, барлық мұрагерлер көптеген мән-жайларға байланысты тең дәрежеде мұраға ие бола алмайды. Заң шығарушылар міндетті үлес ережелеріне қатысты, яғни өсиет бойынша мұрагердің заңды мұрагерліктің қасында беделін көтере отырып, елеулі өзгерістер енгізді, бұл өзгерістер мұрадағы міндетті үлестердің мөлшерінің кемуінің көрінісі байқалды. Бұған қоса, мұрагерлер кезектерінің

ұлғаюы, еңбекке жарамсыз мұра қалдырушының асырауындағы адамдарға қатысты, олардың жағдайларының тікелей нақтылауы көрініс тапты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жанабилов А. Наследование по закону: место в системе наследования, понятие, сущность и основания // Экономика и право Казахстана, 2008. - № 2. - 52- 55 бб.
- 2 Диденко А.Г. Приобретение наследства. / Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика.– Алматы: Юрист, 2006. – Вып. 24. – 30-34 бб.
- 3 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. (2024.25.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электронды ресурс] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51013880
- 4 Булаевский Б.А. – Раздел I. Общие положения о наследовании. С. 5-46 – В кн.: Наследование интеллектуальных прав по российскому законодательству: учебное пособие для магистров / отв. ред. Л.А. Новоселова. – Москва : Проспект, 2017. – 112 с.

УДК 331

Сауытбек Б. Ғ.

Қонаев университетінің магистранты,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: bekzhan_sauytbek@bk.ru

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ КЕМСІТУШІЛІКТІҢ МӘНІ, БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Андатпа. Бұл мақалада еңбек саласындағы кемсітушілік мәселелері қарастырылған. Ата Занда, Еңбек кодексінде және халықаралық еңбек ұйымының Конвенциясында бекітілген еңбек құқығы талданды. Кемсітушілік туралы істер бойынша сот тәжірибесінің болмауы фактісі қаралды, оның себебі сотта кемсітушілікті дәлелдеу мәселесі болып табылады, сондай-ақ соттың жекелеген шешімдерінің құқық қолдану тәжірибесі талданады. Зерттеу барысында кемсітушіліктің жұмысқа қабылдау кезіндегі, кәсіптік даярлықта, жалақыда, мамандық таңдауда, жұмыстан босатылған кездегі түрлері ашылды.

XXI ғасырдағы еңбек кемсітушілігі-адам құқықтарының бұзылуының жағымсыз көрінісі болып табылады. Кемсітушілік құқықтардың тең жүзеге асырылуын жоққа шығаратын немесе кемітетін кез келген айырмашылықты, ерекшелікті немесе артықшылықты білдіреді.

Кемсітушілік тиісті нормативтік актіде айтылған немесе ескертілмеген қандай да бір белгі бойынша азаматтардың белгілі бір санатын шектеу немесе құқығынан айыру; жеке тұлғаларға немесе азаматтардың санаттарына, мәселен қызметкерге не ізденушіге оның кәсіби және іскерлік қасиеттеріне байланысты емес себептер бойынша негізсіз жеңілдіктер, артықшылықтар беру ретінде айқындалатыны осы мақалада магистрант көрсете білген.

Кілт сөздер: Кемсітушілік, кемсітушілікке тыйым салу, жұмыс беруші, халықаралық-құқықтық реттеу, кемсітушілік нысандары, еңбек заңнамасы, жұмыс орны.

ЗНАЧЕНИЕ, ПРИЗНАКИ И ВИДЫ ДИСКРИМИНАЦИИ В ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЯХ

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы дискриминации в сфере труда. Проанализированы права человека в трудовых законодательствах, закрепленные в Конституции, Трудовом кодексе и Конвенции Международной организации труда. Рассмотрен факт отсутствия судебного опыта по делам о дискриминации, причиной которого является проблема доказывания дискриминации в суде. В ходе исследования были выявлены виды дискриминации при приеме на работу, профессиональной подготовке, оплате труда, выборе профессии, увольнении.

Трудовая дискриминация в XXI веке является негативным проявлением нарушений прав человека. Дискриминация означает любое различие, которое отрицает или умаляет равное осуществление прав.

В данной статье магистрант раскрыл вопросы трудовой дискриминации, именно по отдельным лицам или категориям граждан, например, работнику или кандидату, дискриминация по причинам, не связанным с его профессиональными и деловыми качествами, по категориям граждан у кого есть особые привилегии. Раскрыта тема по ограничению прав определенных категории граждан по любым перечисленным признакам в статье, упомянутым в законодательстве о дискриминации.

Ключевые слова: Дискриминация, запрет дискриминации, работодатель, международно-правовое регулирование, формы дискриминации, трудовое законодательство, рабочее место.

MEANING, SIGNS AND TYPES OF DISCRIMINATION IN LABOR RELATIONS

Abstract. This article discusses issues of discrimination in the world of work. Human rights in labor legislation enshrined in the Constitution, the Labor Code and the Convention of the International Labor Organization are analyzed. The fact of the lack of judicial experience in cases of discrimination, the reason for which is the problem of proving discrimination in court, is considered. The study identified types of discrimination in hiring, professional training, remuneration, choice of profession, and dismissal.

Labor discrimination in the 21st century is a negative manifestation of human rights violations. Discrimination means any difference that denies or diminishes the equal enjoyment of rights.

In this article, the master's student revealed the issues of labor discrimination, specifically for individuals or categories of citizens, for example, an employee or a candidate, discrimination for reasons not related to his professional and business qualities, for categories of citizens who have special privileges. The topic of limiting the rights of certain categories of citizens on any of the grounds listed in the article, mentioned in the legislation on discrimination, is disclosed.

Key words: Discrimination, prohibition of discrimination, employer, international legal regulation, forms of discrimination, labor legislation, workplace.

XXI ғасырдағы еңбек кемсітушілігі-адам құқықтарының бұзылуының жағымсыз көрінісі болып табылады. Кемсітушілік құқықтардың тең жүзеге асырылуын жоққа шығаратын немесе кемітетін кез келген айырмашылықты, ерекшелікті немесе артықшылықты білдіреді. Е.А.Бурибаев пен Ж.А.Хамзина атап өткендей, адам еңбегінің кең таралған бұзылыстары көбінесе халықаралық қауымдастықтың назарынан тыс қалады, тіпті олар байқалса да, олар жазасыз қалады [1,6.35]. В Н.Уваров ұсынған анықтаманы талдай отырып, кемсітушілік жұмысшылардың адамдық қадір-қасиетін төмендетеді, олардың санасын бұзады, еңбек шиеленісін тудырады, кейбір топтардың араздығын

тудырады; жұмысшылардың басқаларға деген көзқарасы, сайып келгенде, әлеуметтік әлеммен үйлеспейді, тіпті кейбір жағдайларда халықаралық қақтығыстарға қауіп төндіреді, яғни әлемдегі бейбітшілікке қауіп төндіреді деген қорытынды жасауға болады [2,б.198].

Кемсітушілікті құқықтық категория ретінде талдауға кіріспес бұрын, оның этимологиялық маңыздылығын қарастырамыз. «Кемсітушілік» термині латынның «distinguerе» сөзінен шыққан, ол ажырату, бағалау дегенді білдіреді. Қазіргі зерттеушілердің көбі «Кемсітушілік - адамның еңбек құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіру немесе азаматтың бірдей белгілері бар субъектілердің белгілі бір тобына қатынасының белгілері бойынша негізсіз артықшылықтар белгілеу» деген тұжырымға келуде [3,б.107].

Кемсітушілік тиісті нормативтік актіде айтылған немесе ескертілмеген қандай да бір белгі бойынша азаматтардың белгілі бір санатын шектеу немесе құқығынан айыру; жеке тұлғаларға немесе азаматтардың санаттарына, мәселен қызметкерге не ізденушіге оның кәсіби және іскерлік қасиеттеріне байланысты емес себептер бойынша негізсіз жеңілдіктер, артықшылықтар беру ретінде айқындалады.

Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы еңбек қатынастарында кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады [4]. Бұл Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - ҚР ЕК) 6-бабында белгіленген және әрбір адамның мәртебесіне қарамастан, өзінің еңбек құқықтарын іске асыру кезінде тең мүмкіндіктері бар екенін білдіреді [5,б.122]. Бұл тыйым декларацияланғанына және әркімнің өзінің еңбек құқықтарын жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктері болуы керек екендігі анықталғанына қарамастан, заңда осы тең құқықтар мен мүмкіндіктерді нақты қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ережелер жоқ, сонымен бірге бұл құбылыс туралы толық түсінік бермейді, бұл біздің ойымызша, өте маңызды жіберіп алу.

Сонымен қатар, бұл құбылыс белгілі бір топ мүшелерінің қабылдауы ретінде теріс түсіндіріледі, нәтижесінде кемсітушілік әрекеттері орын алатын алалаушылыққа қарсы болмау; ал тар мағынада-тек кемсітілген топқа қарсы жүзеге асырылатын әрекеттер, ал алалаушылықтың өзі бұл тұжырымдамаға кірмейді.

Егер адам еңбек қатынастарында кемсітушілікке ұшыраса, ол жұмыс берушінің іс-әрекетіне сотқа не жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекторға тиісті шағым беру жолымен шағымдануға құқылы.

Осыған ұқсас қағиданы ұстана отырып, кемсітушілік дегеніміз-қызметкердің немесе ізденушінің кәсіби және іскерлік қасиеттеріне байланысты емес себептер бойынша оның құқықтарына нұқсан келтіру екенін байқауға болады. Мәселен, заңнамада еңбек құқықтарын іске асыруды төмендегі себептер бойынша шектеуге тыйым салынады:

Н.Ж.Апахаев пен Т.М.Тлеуов нарықтық экономикасы дамыған елдердегі еңбек саласындағы жиі кездесетін кемсітушілік нысандарына зерттеу жүргізді [6,б.192].

Осы зерттеу нәтижесінде автор еңбек саласындағы кемсітушілік түрлерінің келесі нысандарын ұсынды:

Келесі суретте еңбек саласындағы кемсітушілік нысандары бейнеленген.

Еңбек саласындағы кемсітушілік нысандарына тіліне қарай, жынысына қарай, шығу тегіне қарай, мүліктік жағдайына қарай, физикалық сипаттағы кемшіліктері, әлеуметтік немесе лауазымдық жағдайына қарай, дінге деген көзқарас; сенімдеріне қарай кемсіту, бала туу жасындағы немесе жас балалары бар әйелдерді жұмысқа қабылдаудан бас тарту, мүгедектікке немесе ауруға байланысты кемсітушілік, белгілі бір қоғамдық ұйымдарға жататындығы, тұрғылықты жеріне қарай, жас ерекшелігі бойынша кемсіту және нәсілдік, ұлтына қарай кемсітуді жатқызуға болады.

Қызметкерді жұмысқа қабылдаудан бастап оны жұмыстан шығаруға дейінгі еңбек қатынастарының кез келген кезеңінде кемсітуге тыйым салынады.

Еңбек қатынастарындағы кемсітушіліктің көріністері. Көбінесе, еңбек қатынастарындағы кемсітушілік жалдаушының қызметкерді оның біліктілігі мен жұмыс сипатына қатысы жоқ белгілер бойынша таңдауында немесе жеке қызметкерлерге жоғары

жалақы мөлшерін белгілеуде көрінеді. Сонымен қатар, көбінесе азаматтар мансапты дамытуда, әртүрлі себептермен жоғары лауазымдарға ие болуда кемсітушілікке тап болады. Бұл жеке және мемлекеттік ұйымдарда орын алады. ҚР ЕК 25-бабына сәйкес, жұмысқа орналасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігін бұзуға тыйым салынады. Егер заңнамада өзгеше тікелей айқындалмаса, жүктілік, 3 жасқа дейінгі балалардың болуы, кәмелетке толмағандар, мүгедектік жұмысқа орналасу құқығын шектей алмайды. Қызметкерлердің өздеріне еңбек таңдау еркіндігіне кепілдік беріледі. ҚР Еңбек Кодексінің 5-бабына сәйкес, әрбір адам кәсіби қызмет түрін еркін таңдауға, өзінің еңбек ету қабілетіне билік етуге, қандай да бір жұмысқа мәжбүрлеусіз келісуге құқылы [4].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қызметкерлерді іздеу туралы хабарландыруда өтініш берушінің жеке басына, мысалы, жасына немесе жынысына қатысты нақты талаптарды көрсету еңбек заңнамасына қайшы келеді. Мұндай жағдайларда жұмыс берушілер жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ету қажеттілігін, сондай - ақ кейбір жұмыс түрлерін әйелдер, ал басқаларын ер адамдар жақсы басқаратынын көрсетеді. Алайда, заңнама тұрғысынан бұл кемсітушілік болып табылады және өтініш берушінің құқықтарын бұзады. Бала туу жасындағы немесе жас балалары бар, әсіресе мүгедектігі бар әйелдерді жұмысқа қабылдаудан бас тарту жыныстық кемсітушілікке жатады.

Әлбетте, жұмыс беруші жұмысшылардың санаттарымен еңбек қатынастарынан аулақ болуға тырысады, олар көбінесе балалардың туылуына немесе ауруына байланысты мүгедектік парақтарын алуға мәжбүр болады. Бірақ еңбек заңнамасы мұны кемсітушілік ретінде қарастырады. Сондай-ақ, мүгедек адамдарды, қарт адамдарды, ауылдық жерлерде тұратын азаматтарды жұмысқа қабылдаудан бас тарту еңбек қатынастарындағы кемсітушілік болып табылады.

Уақыт өте келе «позитивті» кемсітушілік деген термин пайда болды. Ол алғаш рет Америка Құрама Штаттарында ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында ұсынылды.

Халықтың өкілдігі жеткіліксіз топтарының мүшелерінің жұмыс орындарына, білімге, кәсіптік даярлыққа және тағы да өзге қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған шаралар оң кемсітушілік деп танылды. бұл шаралар бірқатар артықшылықтар (ерекше құқықтар, жеңілдіктер) беру, сондай - ақ квоталау жүйесін пайдалану, яғни мақсатты топтардың өкілдеріне белгілі бір жұмыс орындарын бөлу болды-бұл жеке тұлғаларға байланысты жасы, жынысы, әлеуметтік шығу тегі, тілі және басқа да мән-жайлар адамның барлық құқықтарын басқалармен бірдей пайдалана алмайды, өйткені жағдай тең құқықтар кемсітушілік топқа тең мүмкіндік бермеген кезде пайда болады. Бұл халықтың ерекше осал топтары деп аталады. Оларға мыналар жатады: әйелдер, балалар, босқындар, азаматтығы жоқ адамдар, мүгедектер, психикалық науқастар, қарт адамдар және т.б. әдебиетте айтылғандай, қазіргі кезеңде кемсітпеу ұғымының мазмұны кеңейді, өйткені оң әрекеттерден бас тартқан жағдайда кемсітушілік орын алуы мүмкін. Оң шараларды енгізуге қарсыластар осылайша белгілі бір топтардың мүшелеріне қатысты негізсіз преференциялық режим құрылатынын бірнеше рет атап өтті.

Кемсітушілікке тыйым салу принципінің әмбебаптығына байланысты оны қолдану аясы кең: бұл жалпы құқық (халықаралық және ұлттық құқық), ал еңбек құқығында - салалық және салааралық. Әркімнің құқығын қамтитын кез-келген құқық нормасы теңдік пен кемсітушілікке тыйым салу идеясын білдіреді.

Сонымен қатар, Халықаралық еңбек құқығы тұрғысынан мұндай шаралар, егер олар әртүрлі топтардың теңдігін және азшылықтарды қорғауды қамтамасыз етуге немесе халықтың экономикалық жағынан артта қалған топтарына қатысты кемсітушіліктің орнын толтыруға бағытталған болса, кемсітушілік ретінде қарастырылмайды. Мұндай шаралардың халықаралық нормалармен үйлесімділігі көбінесе оларды іс жүзінде қолдануды негіздейтін нақты жағдайға байланысты. Қазіргі уақытта кемсітушіліктің керісінше қаншалықты жағымсыз екендігі туралы мәселе пікірталас күйінде қалып отыр.

Кемсітушіліктің себептері өте алуан түрлі және оларды үш топқа бөлуге болады:

1) Кемсітушілік тәжірибелерді анықтауға және оларды пайдаланғаны үшін жаза қолдануға кедергі келтіретін қолданыстағы заңнаманың кемшіліктерімен байланысты құқықтық себептер;

2) Кейбір топтардың басқаларға деген көзқарасының болуынан туындаған әлеуметтік себептер, сондай-ақ қоғамда кемсітушілік көріністеріне адал көзқарасқа ықпал ететін бейресми нормалардың болуы;

3) Кемсітушіліктің болуын қызметкерлерге шығындарды азайту арқылы қосымша пайда алу мүмкіндіктерімен түсіндіретін экономикалық себептер.

Кемсітушілікті алуан түрлі жіктеуге болады, ал бұл өз кезегінде кемсітушілікті құбылыс ретінде жақсы түсінуге мүмкіндік береді және кемсітушіліктен қорғау әдістерін таңдауда өте маңызды.

Сонымен, еңбек қатынастарындағы кемсітушілікті жіктеудің негізгі түрі - тікелей және жанама кемсітушілік.

Тікелей кемсітушілік - бұл қызметкерлердің саяси көзқарастарына, отбасылық жағдайына және басқа жағдайларға байланысты заңсыз шектеулерді заңмен, ұлттық саясатпен және тәжірибемен ашық түрде белгілеу.

Тікелей кемсітушіліктің мысалдарына күйеуінің немесе әйелінің белгілі бір жастағы немесе тері түсіндегі жұмыс талаптарына сәйкес келетініне қарамастан, жанама түрде кемсітушілік ретінде қарастырылатын ережелер мен тәжірибелерді анық жоққа шығаратын жұмыс туралы хабарландырулар жатады.

Кемсітушіліктің түрлері алуан түрлі, енді жеке-жеке тоқталсақ:

- жұмысқа қабылдау кезіндегі кемсітушілік. Кемсітушіліктің бұл түріне көбінесе егде жастағы адамдар, мүгедектер, әйелдер, әсіресе жас, жалғызбасты аналар жатады;

- мамандық таңдаудағы кемсітушілік. Бұл кәсіптерді халықтың жекелеген санаттары үшін «қолайлы» немесе «жарамсыз» деп бөлумен байланысты,

- білім берудегі, кәсіптік даярлықтағы және біліктілікті арттырудағы кемсітушілік, бұл кейіннен еңбек қызметіне әсер етеді;

- кәсіптік сегрегация – ерлер мен әйелдердің салалар, кәсіптер мен лауазымдар бойынша асимметриялық бөлінуі

- жұмыс бойынша ілгерілеудегі кемсітушілік (мансаптық өсу), жұмыстағы тең емес қатынастар. Ол жоғары лауазымдарға тағайындау кезінде біржақтылыққа да, адамдардың жекелеген санаттарының еңбегін елемеге де негізделуі мүмкін;

- жалақы (сыйақы) тағайындаудағы кемсітушілік, егер оның мөлшері еңбек саны мен сапасына байланысты емес, жеке критерий бойынша анықталса;

- жұмыстан босату кезіндегі кемсітушілік. Бұл жұмысқа орналасу кезіндегі кемсітушілікке ұқсас, бірақ бірқатар ерекшеліктері бар. Бұл кемсітушілік мүгедектікті алумен, зейнеткерлік жасқа жетумен, жұмысқа қабылдау кезінде болмаған отбасылық міндеттердің пайда болуымен байланысты болуы мүмкін.

Кемсітушілік түрлері бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені мақсатты саясат көбінесе экономикалық, әлеуметтік, саяси фактордың немесе тарихи жағдайлардың нәтижесі болып табылады.

Кемсітушіліктің объективті себептері экономикалық, саяси, әлеуметтік дамудың төмен деңгейі, ұлттық заңнаманың жетілмегендігі және оны қолдану тәжірибесі, органдар мен ұйымдардың азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі тиімсіз қызметі, азаматтардың еңбек құқықтары бұзылған әрбір жағдайға мемлекеттік немесе өзге де ден қоюдың айқындылығы мен уақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі тиімді шаралардың болмауы болып табылады. Субъективті себептер адамның жеке қасиеттеріне, мысалы, нәсіліне, тіліне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және тағы өзге жағдайларға байланысты.

Кемсітушілік-бұл адам құқықтарын жынысы, жасы, терісінің түсі, саяси немесе діни сенімдері, әлеуметтік мәртебесі және басқа да сипаттамалары бойынша заңсыз шектеу, яғни жұмыс беруші жұмысшылардың іскерлік қасиеттерін елемейтін және еңбек құқықтарын

жүзеге асыру үшін тең емес жағдайлар жасайтын жағдай. Еңбек кемсітушілігі заң бойынша жазалануға жатады. Кемсітушіліктің басқа құқық бұзушылықтардан ерекшеленетін құқық бұзушылық ретіндегі ерекшелігі-адамдар тобына, жынысына, жасына, түсіне, саяси немесе діни сенімдеріне, әлеуметтік жағдайына және басқа жағдайларға теріс көзқарас. Кемсітушілік тараптар іс жүзінде тең емес қатынастарда айқын көрінеді, мысалы, атқарушы органдар мен азаматтар арасындағы Еңбек, әкімшілік - құқықтық және тағы басқа Қазақстандық еңбек заңнамасы еңбек қатынастарындағы кемсітушілікке арналған уәждердің толық тізбесін қамтиды, ол шектеулер ҚР Конституциясына сәйкес келмейді. Осыған байланысты еңбек қатынастарында кемсітушілік үшін себептер тізбесінің толық емес сипатын белгілеу қажет. Алайда, осы тізімнің шектері қызметкердің біліктілігі мен кәсіби қасиеттеріне байланысты негіздермен шектелуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бурибаев Е.А., Хамзина Ж.А. Обеспечение принципа равноправия в трудовых отношениях. Современные проблемы науки и образования. Т.3 – М.:Издательский дом Академии Естествознания. 2018. – 80с
2. Уваров В.Н. Трудовое право Республики Казахстан учебник / В.Н. Уваров, Н.В. Уварова-Патенко.- 2-е изд.- Алматы, 2019. 243с
3. Хамзин А.Ш., Хамзина Ж.А. Трудовое право Казахстана. Общая часть: учебник. – Алматы. Издательство LEM, 2018. – 208с.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 01.01.2024 ж. жаңартылған) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K150000041>
5. Аралбаева А.А., Курманалиева Э.Б., Бекенова А.Б., Тасыбаева С.К., Сюрикпаева А.О. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы: оқу құралы /— Тараз : Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, 2022. — 237 с.
6. Апахаев Н.Ж., Тлеуов Т.М. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. Оқулық: «Жеті жарғы» баспасы. Алматы. – 2018. -234 б.

УДК 343.21

***Сейлханова С. А.¹, Дюсебаев Т. Т.², Абдықадыр А. Н.³**

¹ҚР Ішкі істер министрлігі М. Есболатов атындағы Алматы академиясы,

² Қонаев Университеті

³Қонаев Университетінің 2 курс магистранты,

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*e-mail: saida_7878@mail.ru

КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕПІЛДІКТЕРІ

Андатпа. Мақалада күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің кейбір процедуралық кепілдіктері қарастырылады. Автор күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету кепілдігіне ұстау түріндегі мәжбүрлеу шараларын қолданудың ерекше ерекшеліктерін талдады. Сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі сатысында күдіктінің құқықтық мәртебесін көздейтін нормативтік құқықтық актілер қаралды. Осы мәселемен айналысқан авторлардың әртүрлі көзқарастарына талдау жасалады, күдіктіге қатысты тағайындалған қамауға алу сияқты бұлтартпау шарасының "эксклюзивтілігі" мәселесі қарастырылады, тиісті тұжырымдар негізделеді. Жоғарыда

аталғандардың негізінде біз қылмыстық процесте күдіктінің қорғану құқығын қамтамасыз етудің қаншалықты маңызды екенін көреміз.

Мұндай көзқарас күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тағы бір кепілдігі болып- кінәсіздік презумпциясы танылатындығын көрсетеді. Кінәсіздік презумпциясы қағидасы кез келген өркениетті мемлекеттің негізгі ұстанымы болып табылады, ол адам құқықтары туралы барлық халықаралық пактілерде жазылғандығына талдау жасайды. Автор, қазіргі уақытта қылмыстық құқық ғылымының өкілдері қылмыстық жауаптылықты дербес құқықтық түсінік ретінде қарастырып, оны адамның қылмыс жасауына мемлекеттің реакциясының әлеуметтік мәні ретінде ерекше назар аударады. Айыптау үкімі шығарылғанға дейін адамның қылмыстық жауаптылығы туралы айтуға ешқандай негіз жоқ, себебі адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту мемлекеттің атынан оны сот үкімі бойынша қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп ресми тануды және осылайша әрекет пен оны жасаған адамға теріс баға беруді білдіреді сипаттамалық ерекшеліктерін зерттейді.

Кілт сөздер: процессуалдық кепілдіктер, күдіктінің жеке тұлғасы, процессуалдық тәртібі, қорғалу құқығы, тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья.

ГАРАНТИИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВ И ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ ПОДОЗРЕВАЕМОГО

Аннотация. В статье рассматриваются некоторые процессуальные гарантии обеспечения прав и законных интересов подозреваемого. Автором проанализированы специфические особенности применения принудительных мер в виде задержания под залог обеспечения прав и законных интересов подозреваемого. Также рассмотрены нормативные правовые акты, предусматривающие правовой статус подозреваемого на досудебной стадии уголовного судопроизводства. Анализируются различные точки зрения авторов, занимающихся этим вопросом, рассматривается вопрос о "исключительности" меры пресечения, такой как арест, назначенный в отношении подозреваемого, обосновываются соответствующие выводы. На основании выше изложенного мы видим, насколько важно обеспечить право подозреваемого на защиту в уголовном процессе.

Такое отношение свидетельствует о том, что признается еще одна гарантия обеспечения прав и законных интересов подозреваемого - презумпция невиновности. Принцип презумпции невиновности является основным принципом любого цивилизованного государства, анализируя тот факт, что он изложен во всех международных пактах о правах человека. Автор, в настоящее время представители науки уголовного права рассматривают уголовную ответственность как самостоятельное правовое понятие, уделяя особое внимание ей как социальной сущности реакции государства на совершение лицом преступления. До вынесения обвинительного приговора нет оснований говорить об уголовной ответственности лица, поскольку привлечение лица к уголовной ответственности означает официальное признание его виновным в совершении преступления по приговору суда от имени государства и таким образом, отрицательную оценку деяния и лица, его совершившего.

Ключевые слова: процессуальные гарантии, личность подозреваемого, процессуальный порядок, право на защиту, следователь, дознаватель, прокурор, судья.

GUARANTEES TO ENSURE THE RIGHTS AND LEGAL INTERESTS OF THE SUSPECT

Abstract. The article discusses some procedural guarantees to ensure the rights and legitimate interests of the suspect. The author analyzes the specific features of the use of coercive

measures in the form of detention on bail to ensure the rights and legitimate interests of the suspect. Regulatory legal acts providing for the legal status of a suspect at the pre-trial stage of criminal proceedings are also considered. The various points of view of the authors dealing with this issue are analyzed, the question of the "exclusivity" of a preventive measure, such as an arrest imposed on a suspect, is considered, and the relevant conclusions are substantiated. Based on the above, we see how important it is to ensure the suspect's right to protection in criminal proceedings.

This attitude indicates that another guarantee of ensuring the rights and legitimate interests of the suspect is recognized - the presumption of innocence. The principle of the presumption of innocence is the basic principle of any civilized State, analyzing the fact that it is set out in all international Covenants on Human Rights. The author, currently, representatives of the science of criminal law consider criminal liability as an independent legal concept, paying special attention to it as the social essence of the state's reaction to the commission of a crime by a person. Prior to the sentencing, there is no reason to talk about the criminal responsibility of a person, since bringing a person to criminal responsibility means officially finding him guilty of committing a crime by a court verdict on behalf of the State and thus a negative assessment of the act and the person who committed it.

Key words: procedural guarantees, the identity of the suspect, the procedural order, the right to protection, the investigator, the inquirer, the prosecutor, judge.

Мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету негізгі міндеті болып бекітілді. Бұл құндылықтардың мемлекет үшін маңыздылығы Конституцияның 1-бабында көзделген. Қазақстан Республикасының әлемдік стандарттарға қосылуына байланысты жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету тетігіне қызығушылық арта түсті деуге болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады (12-бап) деп нақты айтылған [1]. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге ерекше назар аудару керек, өйткені бұл қылмыстық іс жүргізу- бұл жеке тұлғаның құқықтары айтарлықтай шектелетін мемлекеттік қызмет саласы болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 15- қаңтарында өткен VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде «Біздің басты мақсатымыздың бірі – адам құқықтарын толық қорғау»-, деп көрсетті Әрине, жоғарыда айтып кеткеніміздей адам құқықтарын қорғау әр мемлекеттің міндетті [2]. Тәжірибені талдау қазіргі жағдайда құқық қорғау органдары, пропорционалды іс - әрекеттерге ұйымдастырушылық-құқықтық және кәсіби тұрғыдан толық дайын емес екендігін көрсетеді. Сондықтан, қылмысқа қарсы күрес процесінде қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдар қылмыстық іс жүргізуге тартылған азаматтардың құқықтарын негізсіз шектейді және бұзады, әсіресе бұл күдікті мен айыпталушының құқықтарына қатысты.

Қылмыстық процесте күдіктінің жеке басының құқықтарын нақты және толыққанды жүзеге асыру үшін оларды тиісінше қамтамасыз ету қажет және бұған қазақстандық қоғамды реформалау жағдайында ерекше назар аударылады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан сот және қылмыстық іс жүргізу реформалары, қылмыстық сот ісін жүргізудегі ұсынылған жаңалықтардың басым көпшілігі жеке тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған [3]. И.И. Рогов іс жүргізу заңымен жүзеге асырылатын қылмыстық іс жүргізу саласының талқысына түскен адамның құқығының жоғары деңгейде сақталуына кепілдік беруді, құқық қорғау қызметінің тиімділігі мен әсерін арттыруды тікелей міндеттерге жатқызады. Қылмыстық процесс аясын шыңға апарудың нысаны ретіндегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік

кодексінің прогрессивтілігі мен мархаббаттылығы, құқықтық институттарды елеместен негізсіз жауаптылыққа тарту, өзге де ізге түсу мақсатындағы әрекеттерді болдырмайтын кепілдіктердің басымдылығымен анықталады. Қылмыстылықпен күрестің соншама маңыздылығына қарамастан жазаның болмай қалушылығы қағидасынның мақсаттарына жету жолында азаматтарды негізсіз жауаптылыққа тарту кепілдіктері басымдылық алады [4, 18 б.].

Жай ғана қарапайым хабарлама, адамның құқықтарын жоққа шығарып, азаматтарды қудалау объектісіне айналдыруы мүмкін. Бүгінгі таңда адам құқықтары іс жүргізу іс-әрекетінің мақсатын, мазмұны мен нысандарын анықтайтын іргетастың негізі болып табылады. Құқықтар қылмыстық қудалауға сәйкестендірілуі емес, керісінше қылмыстық процесс адам құқықтарымен барынша тығыз өзара қатынаста болуы керек.

Қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану барысында оған қатысушылардың, соның ішінде күдіктінің конституциялық құқықтары толық кепілдендірілуі тиіс. Ол туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000-2009 жж., 2013-2017 жж. Төрағасы Қ.А. Мами да өз сөзінде: «Қылмыстық іс жүргізудің қатыскшыларының құқықтарын қорғау-өзекті де, толғақты мәселелердің бірі болып саналады. Тұлғаның құқықтарын шынайы түрде қамтамасыз ету-қылмыстық сот ісін жүргізу сферасындағы демократияны, ізгілікті бағалаудың өлшемі. Бұл үшін тек қана қылмыстан зардап шеккен адамдардың құқықтары мен бостандықтарын ғана қорғау емес, сонымен қатар қылмыстық ізге түсуге тартылған адамдардың да құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажет. Кінәсіздерді соттау, негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тарту мүлдем жойылу қажет деп» атап кетеді [5, 15 б.].

Күдіктінің құқықтарын іске асыру және заңды мүдделерін қорғау өздігінен жүргізілуі мүмкін емес. Ол үшін белгілі бір жағдайлар мен факторлардың, атап айтқанда күдіктінің субъективті құқықтары мен мүдделерінің кепілдігінің болуы қажет. Сондықтан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктері болып не танылады деген сұрақтар ғылыми түрде ғана емес, сонымен бірге үлкен тәжірибелік маңызға ие. Күдіктінің немесе қылмыстық процестің басқа қатысушысының оларға берілген құқықтарды пайдалану қажеттілігіне қарамастан, қылмыстық істерді қарау мен тергеу кезінде олардың заңды мүдделері қамтамасыз етілуі керек.

Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктерінің барлық көрсетілген элементтері бір-бірімен байланысты және өзара іс-қимыл жасайды. Мысалы, сот, прокурор, тергеу жүргізетін адамдар және күдікті, қорғаушы арасында белгілі бір құқықтық қатынастар болады, онда лауазымды адамдар мен органдардың тиісті міндеттері күдіктінің құқықтарының кепілдігі ретінде әрекет етеді (сонымен, тергеуші адамды күдікті деп тану туралы хаттаманы жасаған кезде, бұл адамға не үшін күдік келтіріліп отырғандығын түсіндіруге міндетті, бұл күдіктінің құқықтарының бір кепілдігі- оған не үшін күдік келтіріліп отырғандығын білуі болып табылады).

Қарастырылып отырған кепілдіктер элементтерінің өзара байланысы осы кепілдіктерді іске асыруды қамтамасыз етуге қызмет етеді және олардың элементтердің бытыраңқы жиынтығын емес, күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктерін өзара нығайтатын жүйесін білдіреді. Қылмыстық сот ісін жүргізудің процессуалдық нысаны азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды құқықтық факторы болып табылады. Ол қылмыстық процесте заңдылықты қамтамасыз етуге, ақиқатты анықтауға, тәрбиелік әсер етуге ықпал ететіндіктен, «сот ісіндегі іс жүргізушілік нысан маңызы мәнге ие» болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу нысаны деп – қылмыстық іс жүргізу құқығымен реттелген, қылмыстық іс жүргізу институттары мен ережелерінің жүйесі мен құрылымын, қылмыстық процесс сатыларының рәсімдері мен кезектілігін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және сот талқылауында дәлелдемелерді тікелей немесе жанама жинаумен және зерттеуді жүзеге асырумен байланысты мерзімдерді, шарттар мен тәсілдерді, оларды құқықтық актілерде бекітуді, сонымен қатар іс бойынша толық немесе жеке мәселелер бойынша шешімдер қабылдау

жәнерәсімдеу тәртібін түсінген жөн. М.С. Строговичтің пікірінше, іс жүргізу нысаны- осы заңда көзделген іс-әрекеттерді жасау және шешімдер қабылдау нысаны және сонымен бірге осы іс-әрекеттерді процессуалдық бекіту нысаны болып табылады [6, 121 б.].

ҚР Конституциясының 13-бабында қорғалуға құқық бекітілген, бұған сәйкес «Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі». Бұл нормалар күдіктінің қорғалу құқығының болуын жай ғана жариялап қана қоймай, осы құқықтың кепілдендірілгеніне де баса назар аударады. Осы конституциялық ережелер күдіктінің және айыпталушының ҚР ҚПК 26-бабында бекітілген қорғалу құқығын қамтамасыз етудің қылмыстық іс жүргізу қағидасында дәйекті түрде жалғасын тапты. Бұл қағиданың мазмұны мынадай ережелерге негізделеді: біріншіден, күдіктіге өзі не қорғаушының және (немесе) заңды өкілінің көмегімен жүзеге асыра алатын қорғалу құқығы қамтамасыз етіледі; екіншіден, қылмыстық процесті жүзеге асырушы орган күдіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және оларға күдіктенуден, айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғау шараларын қолдануға міндетті; үшіншіден, қылмыстық процесті жүргізуші орган іске күдіктінің, айыпталушының қорғаушысының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; төртіншіден, күдіктінің қорғаушысы мен заңды өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы оған тиесілі құқықтарды шектемейді; бесіншіден, заңмен көзделген жағдайларда күдікті қорғаушының көмегін тегін пайдалана алады.

Қорғалу құқығы жалпылама тұжырымдама бола отырып, оған келесілер кіреді:

1) күдіктінің қылмыстық іс жүргізу қатынастарына түскенде және әр түрлі процессуалдық әрекеттерді жасағанда жеке дара өзі қолданатын барлық іс жүргізу құқықтары;

2) күдіктінің қорғаушы алуға, оның заң көмегін пайдалануға құқығы;

3) күдіктінің заңды өкілінің болу құқығы.

Қылмыстық іс жүргізу заңында «қорғалу құқығы оқшауланған конституциялық принцип ретінде айыпталушыға және күдіктіге айыптауды толық немесе ішінара теріске шығару немесе қылмыстық жауаптылықты жеңілдету үшін берілген нақты құқықтар жиынтығы түрінде қарастырылады». Күдіктінің әрбір нақты іс жүргізу құқығы оның заңды мүдделерін қорғауда белгілі бір рөл атқарады, айыптауды теріске шығаруға немесе оның кінәсін жеңілдететін мән-жайларды анықтауға жәрдемдеседі. Бұл іс жүргізу құқықтарының рөлі, олардың қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын барлық мән-жайларды анықтауға ықпал ету дәрежесі әртүрлі, бірақ олардың барлығы күдіктіні айыптаудан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған және бұл мағынада оның қорғалу құқығының мазмұнын құрайды.

Бұл құқықтарды толық және тиімді іске асыру үшін күдіктіге білімді әрі тәжірибелі заңгер тарапынан көмек қажет және оның жалғыз міндеті оны қорғауды жүзеге асыру болып табылады». Қылмыстық істің нәтижесіне терең жеке қызығушылықтың өзі өз мүдделерін суыққанды және дәлме-дәл қорғау мүмкіндігінен айырады. Оның үстіне, бұл күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасы - күзетпен ұстау қолданылған жағдайда, өз мүдделерін пассивті қорғау мүмкін болғанда айқын болады. Мұндай жағдайларда қорғаушы ғана оның мүдделерін нәтижелі қорғауға қабілетті. Жоғарыда келтірілген көзқарастардың барлығы бір-бірін дамыта және толықтыра отырып, қорғаушы - адвокаттың қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу қажеттігін көрсетеді.

В.М. Савицкий, қорғалу құқығы күдіктінің өзінің және оның қорғаушысының іс-әрекеттерінен тұратындығын атап өтіп, тергеушіге де қорғау функциясын берген. Автор өзінің ұстанымын тергеушінің күдіктіге тағылған айыптан қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның жеке және мүліктік құқықтарын қорғау шараларын қолдану, күдіктіні айыптайтын ғана емес, сондай-ақ ақтайтын да мән-жайларды анықтау, сонымен қатар оның

кінәсін ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды анықтау міндетін негізге алып тұжырымдайды [7, 51 б.].

Қолданыстағы заңнаманы талдау, қорғаушының күдіктімен өзара қарым-қатынастарындағы мынадай ерекшеліктерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1) қорғаушы күдіктінің шақыруы бойынша немесе оның келісімімен ғана қылмыстық процестің қатысушысы бола алады;

2) күдікті кез келген сәтте қорғаушыдан бас тартуға құқылы;

3) заң адвокаттың өз мойнына алған күдіктіні қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ екендігін белгілейді;

4) қорғаушының қылмыстық істердің кейбір санаттарына міндетті түрде қатысуын заң жүзінде белгілеу, қорғалу құқығының кепілдігі болып табылады;

5) күдіктінің қорғалуға құқығының кепілдігі болып қорғаушының процессуалдық құқықтары мен міндеттері танылады.

Адвокаттың қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ, бұл күдіктінің қылмыстың ауырлығына және өзге де мән-жайларға қарамастан, заң көмегін алуға кепілдік береді. Сондықтан қорғаушы мен күдіктінің оның қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі туралы қарама-қайшылықтар, қорғауды жүзеге асырудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Адвокаттың пікірі жасалған қылмыс туралы оның хабардар болуына емес, істе бар дәлелдемелерді бағалау нәтижесінде қалыптасқан сенімділікке негізделеді. Қорғаушы өзінің ішкі сенімі негізінде шешім қабылдауға міндетті процеске қатысушылардың қатарына жатпайды. Кінәлілік немесе кінәсіздік туралы шешімді адвокат емес, судья қабылдайды. «Қорғаушының кәсіби борышы қорғау дәлелдерін білікті және адал талдаудан тұрады. Ал мұндай дәлелдемелер кез келген істе, әсіресе күдікті өзінің кінәлілігін мойындамаған істерде болады. Күдіктінің айғақтары- соттық дәлелдемелер болып табылады. Адвокаттардың мінез-құлқы «сот төрелігіне қарсылық білдіру» немесе «қылмыскерді жақтау» деп сипатталған кезде, адвокаттардың атына келтірілген айыптарды, тек мәдениеттің төмен деңгейімен ғана, қылмыстық процесте адвокаттың алдында тұрған міндеттерді дұрыс ұғынбаумен түсіндіруге болады.

Адвокаттың және оның қорғауындағы адамның кінәлілік мәселесіндегі позицияларының қарама-қайшылығына жол бермеу - бұл талданып отырған жағдайдың сыртқы көрінісі ғана болып келеді және олардың көзқарасының ішкі қарама-қайшылығын жоққа шығармайды. Қорғаушының тура дәрігерде сияқты, негізгі парызы, ол- зиян келтірмеу. Сондықтан «қарастырылып отырған мәселенің дұрыс шешімі, күдіктінің немесе өзінің кінәсін мойындамайтын күдіктінің позициясына адвокат оның кінәлілігі туралы өзінің ұстанымын қарсықоймай, заңның талаптарына сәйкес, оны қорғауды жүзеге асыру, яғни күдікті және айыпты теріске шығаратын қылмыстық істегі барлық материалдарды қолдануынан тұрады».

Адвокаттың өзінің қорғауындағы адамдарымен іс жүргізу ынтымақтастығын талап етуі, барлық күдіктілерге, оның ішінде дене және психикалық кемістіктерден зардап шегетін адамдарға да таратылуы тиіс. Олар заң бойынша ақыл-есі дұрыс, яғни өз іс-қимылдарына есеп беруге және оларды басқаруға қабілетті адамдар деп танылады, сондықтан қылмыстық жауаптылыққа және жазалауға жатады. Осыған сүйене отырып, адвокаттың қорғауды жүзеге асыру кезінде олардың ұстанымын ескермеуге құқығы жоқ деп қорытынды жасауға болады. Күдіктінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, қорғаушы іске қатыса алатын сәт аса маңызды болып табылады. Күдікті үшін сотқа дейінгі тергеп- тексеруде айып тағылған сәт ең кеш болып табылады, бұл, егер күдікті қорғаушы алуға құқығын пайдаланғысы келсе, онда қорғаушы күдіктіге айып тағылған кезде, яғни күдіктіні оны күдікті ретінде тану туралы қаулымен таныстыру кезінде қатысуы тиіс дегенді білдіреді [8, 245 б.].

Қорғаушы ретінде әдетте адвокаттар қатысады, ал сотқа дейінгі тергеп- тексеру сатысында - тек адвокаттар ғана қатысады. Адвокатпен қатар қорғаушы ретінде жақын

туыстарының біреуі немесе күдіктінің өтінішхаты бойынша басқа да адамдар қатыса алатындығы заңмен көзделген (ҚР ҚПК-нің 66 бабының 2 бөлігі). Алайда олар тек сотта ғана қатыса алады (сондықтан заң олардың қылмыстық процеске қатысуын соттың немесе судьяның іс жүргізу актілерімен байланыстырады).

